



ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР ШЫҒАРА БАСТАДЫҚ

Алматыда Hyundai Trans Almaty зауытын жаңғырту аяқталды

5



ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫНШАШЫ

6



ӘДІЛ ҚОҒАМ қазақи болмыста қалыптасады

9

2024 жылғы геосаясат:

ӘЛЕМНІҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ ӨЗГЕРЕ МЕ?

2023 жыл геосаясат пен геоэкономиканың алмағайып жылдарының бірі болды. Жыл басынан бері әлемдегі бәсекелі күш орталықтары арасындағы қызу іс-қимылдар толастаған жоқ. Шығыс Еуропадан кейін Орта Шығыста тағы екі нүктеде ауқымды қақтығыс алаңы ашылды. Осылайша өтіп бара жатқан жыл жаһанның бет-бейнесіне өзінің елеулі белгілерін салып кетті. Жылдың соңғы аптасы болғандықтан, көптеген ақпарат құралдарында ескі жылға қатысты қорытынды, жаңа жылға қатысты болжамдар жиі сөз болып жатады. Осы орайда біз де 2024 жылдағы жаһанның бет-бейнесіне қатысты өз болжамдарымызды ұсынып келеміз. Бүгін тұтас әлем картинасына қатысты, геосаясат пен геоэкономиканың алдағы жылы турасында болжамдарды алға тартпақпыз.

КҮЙЗЕЛІС ИНЕРЦИЯСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА

Келе жатқан 2024 жылдағы әлемнің бет-бейнесі қандай болуы мүмкін? Бұл сұраққа ой жүгірткен сарапшылар қатары мол. Егер олардың пікірлерін ортақ-

тастырар болсақ өзімізге керек жауапты алған болар едік. Әрине, болжамдардың бәрі дерлік позитивті емес. Себебі, қазіргі әлем соңғы бірнеше жылдан бері түрлі дағдарыстардан өтіп келеді. Сондықтан күйзелістердің инерциясы 2024 жылы толық аяқталып болмайды деп

санайды. Экономика саласы үшін алдағы жыл үмітке де, күдікке де толы. Соңғы бірнеше жылда ұдайы дағдарыстардан соққы алып келе жатқан экономика алдағы бір жылда да тұрақсыз күйде тұрады. Тек экономика ғана емес, геосаясат та осыған ұқсас.

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №155 (6448) 26 желтоқсан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Еуразиялық экономикалық одақ:

САНКТ-ПЕТЕРБУРГ САПАРЫ

жаңа интеграциялық бағыт-бағдарларға жол ашады



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына қатысу үшін Санкт-Петербург қаласына барды.

Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің басшылары интеграциялық процестерді одан әрі дамытудың басты міндеттері мен негізгі бағыттарын талқылауды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті ТМД елдері басшыларының бейресми кездесуіне де қатысады.

Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы туралы сараптамалық материалды газетіміздің келесі санынан және басылым сайтынан (<https://almaty-akshamy.kz>) оқисыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz)

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

26.12.2023

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

27.12.2023

Түнде:



-1-3 °C

Бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда мұзтайғақ.

Күндіз:



+5+7 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





2024 ЖЫЛҒЫ геосаясат:

ӘЛЕМНІҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ ӨЗГЕРЕ МЕ?

(Басы 1-бетте)

Жоғарыда айтып өткеніміздей, алдағы жылдың тұрақсыз картинасын осыған дейінгі дағдарыстың инерциясы қалыптасты. Мұны былайша таратуға болады: соңғы бірер жылда әлемдегі қаржы секторындағы күйзеліс, инфляция, Украинадағы жағдай және әлі жалғасып жатқан пандемияның салдары, міне, бұлар қазіргі әлемдегі «күйзеліс инерциясын» үдетуші факторлар. Ал 2023 жыл тарихтағы «ең ыстық жыл» ретінде тіркелгенін білесіз. Климат өзгерісі биыл айқын сезілді. Әлемнің көптеген елінде болып көрмеген аптап ыстық пен су тасқындары және ұзаққа созылған орман, дала өрттері болды. Мұның бәрі әлем экономикасына зор шығын келтірген табиғи апаттар. Күйзеліс уақыты ұзарған сайын геосаяси тартыстар да үдей түседі.

ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЛДЫРАУ
ЖАЛҒАСА МА?

Әлем экономикасының алдағы жылы туралы әртүрлі болжамдар бары рас. Дегенмен, «лақтырған тасы шарбақтан алыс түспейтін» Халықаралық валюта қоры сынды ықпалды ұйымдардың болжамы кісіні нандырады. Аталған халықаралық ұйым 2024 жылы әлемде экономикалық құлдырау жалғасады деп болжап отыр. Әсіресе, дамыған елдердің экономикасы көбірек қысқаруларға ұшырауы мүмкін.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР
«ШАЙҚАСАТЫН» ЖЫЛ

2024 жылды әлемдегі ең негізгі құндылықтардың «шайқасқа» түсетін жылы деуге болады. Бұл осы жылдағы геосаяси оқиғаларға байланысты. Яғни биыл әлем елдерінде президент және парламент сайлауы көп. Әлем елдерінде 70-ке жуық сайлау науқаны өтеді.



Ал Шығыс пен Батыс арасында қазір демократиядан тартып, дәстүрлі құндылықтарға қатысты бәсеке өршіп тұрғанын білеміз. Мұндай кезде әлем елдеріндегі елеулі саяси науқандар осы құндылықтардың бәсекеге түсетін алаңдарына айналары анық. Демократиялық елдердегі сайлауларға авторитарлық елдер ықпал ету арқылы нәтижені бұрмалау немесе авторитарлық елдердегі сайлауларға сыртқы демократиялық әлемнің ықпалы деген секілді ауыспалы жауаптасулар болып өтеді.

Міне, осындай қарбалас жылда Батыстағы демократиялық әлем 2024 жылды демократия үшін үлкен қауіптер өсіп шығатын жыл деп күтуде. Азаматтардың өз көшбасшыларын таңдау құқығы және оны жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін негізгі құқығынан тұратын бұндай басқару жүйесіне қауіптердің өсіп келе жатқаны рас. 2016 жылы АҚШ-тағы

сайлауда Дональд Трамп жеңіске жеткенімен, ондағы сайлау науқанына Ресей араласып, нәтижені бұрмалады деген айыптаулар әлі де айтылады. Алдағы жылы Америка Құрама Штаттарындағы сайлау бұрынғыдан да тартысты өткелі тұр. Ал оның стратегиялық бәсекелестері саналатын Ресей мен Қытай осы елеулі саяси науқанды жай ғана бақылап отыра ма? Айтпақшы, Ресейдің өзінде де наурыз айында болатын сайлау науқанына қатысты да түрлі болжамдар қазірден бастап айтылып жатыр. Ресейдегі сайлау мүлде жаңа нәтиже беруі екіталай. Десе де, бұл ресейлік дауыс берушілер үшін бұрылыс нүктесінің басталуы болып қалмақ.

Міне, осындай елеулі саяси оқиғаларда мемлекет басқару жүйесіне қатысты құндылықтар «шайқасады». Тұрасында, бұл шайқас қоғаммен бірге жасап келе жатыр. Десе

де, біз алдағы жылы әлемнің алып экранынан тартысты ойындарды көретін боламыз.

ҮЙЕККЕ БӨЛІНІС ҮДЕЙДІ

Бір-бірімен ұдайы бәсекелесіп келе жатқан күш орталықтары алдағы жылда өзге орта және шағын елдерді өзіне тартуды жалғастыра береді. Осылайша ірі державалар шағын елдерді үйектену процесіне қарай итермелейді. Бұл үрдіс біздің аймаққа да қатысты болмақ. Орта Азия елдері ішкі интеграцияны жеделдету арқылы ауқымды үрдістердің қауіпті салдарын сейілте алады. Биыл жылдың соңғы маусымында Таяу Шығыста жаңа соғыс алаңы ашылды. Араб түбегіндегі соңғы жағдай Азия мен Еуропаның негізгі сауда жолы Қызыл теңізді буып тастады. Демек, жаңа жылдың алғашқы айларында-ақ Еуропа энергияға деген тәуелділіктен, ал Азия жағы экспорттың азаюынан күйзелістерді бастан өткеруі мүмкін. Осы үрдістің өзі аймақ елдерінің ішкі интеграциясына әсер етеді. Сондықтан тұтас әлемдегі геосаяси үйектерге қарай жіктелу үрдісі алдағы жылда да қарқынды бола түседі. Климат өзгерісінің әсері жыл сайын айқындалып келе жатқанын ескерсек, әлем елдері күтпеген табиғи апаттарға да дайын болғаны абзал. Әрине, мұндай болжамдарға қарамастан жаңа жыл бізге күтпеген игілік, жүздеспеген жақсылықтарын да ала келетіні де шын. Жағандық жағдайдың аумалы-төкпелілігіне, дағдарыстардың созылмалылығына қарамастан, алдағы жылдан ізгіліктерді көбірек іздейміз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОП-5 САЯСИ ОҚИҒА

Әне-міне дегенше, жыл да аяқталып қалды. Ендеше, дәстүр бойынша жылды қорытындыласақ, «Көштің басы қайда барса, соңы да сонда барады» дейді дана халқымыз. Көш басы бұл қоғамның саяси өмірі, сайлау үдерісі, биліктің саяси шешімдері. Биыл елімізде саяси оқиғаларға толы жыл болды. Оларды ТОП-5 рейтингіне топтастырдық.

ЕСКІ ЖЫЛДЫҢ БЕС ЕСТІ
ЖАҒАЛЫҒЫ

Елімізде орын алған саяси оқиғалардың рейтингін жасағанда мемлекеттік деңгейдегі мәселелер қамтылды. Яғни бұл оқиғалар мемлекеттік саясаттың қайда бағыт алғанын және саяси билік төңірегіндегі тыныс-тіршілік жайлы ақпарат береді. Мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді ескере отырып, келесідей ТОП-5 саяси оқиғаны атап өтуге болады:

1. Кезектен тыс Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауы. 19 наурызда халық өз депутаттарын сайлады. Ұзақ уақыт үзілістен кейін өзін-өзі ұсынғандар сайлауға түсті. Заң шығарушы органның 70%-ы партиялық тізім арқылы, ал 30%-ы бірмандатты округтар бойынша сайланды. Сөйтіп, VIII шақырылым депутаттарының тізімінде жаңа есімдер пайда болды. Олардың ішінде оппозициялық «ЖСДП» партиясы депутаттары да бар. Жалпы, бұл Парламентті Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келгеннен кейінгі жаңа заң шығарушы орган деп айтуға болады.

2. Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы. 16-17 маусымда



Түркістанда Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтті. Құрылтай «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Елдің толыққанды дамуы үшін саяси-экономикалық саладағы өзгерістер ғана емес, рухани салаға да мән беру қажет. Ұлттық құрылтайды өткізудің басты мақсаты да осы. Президент алқалы жиында өз сөзінде осыған мән-маңыз берді.

3. Президент Жолдауы. 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын жолдады. 2022 жылдан бері елімізде күрделі саяси өзгерістер жүзеге асты. Жаңа саяси маусымда саяси реформалармен қатар, экономикалық салаға мән берілді. Осы орайда Президент «Жаңа экономикалық модель» ұсынды.

4. Әкімдерді сайлау. Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында әкімдерді сайлау үдерісін әрі қарай жалғастыруды ұсынды. 5 қарашада халқымыз аудандар мен

облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлады. Ұзын саны 42 аудан мен 3 облыстық маңызы қаланың әкімдері сайланды. Бұл әкімдерді сайлаудың екінші кезеңі. Алғашқы кезеңде ауыл әкімдері сайланған еді.

5. Елбасы мәртебесі алынды. 13 қаңтарда Парламент депутаттары бірлескен отырыста «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» заңның күшін жою туралы шешім қабылдады. Ол 15 ақпанда өз күшіне енді. Конституциялық заң 2000 жылы 20 шілдеде күшіне еніп, 23 жылға жуық әрекет етті. Заң күшін жойғасын Нұрсұлтан Назарбаев «экс-президент» мәртебесін ғана сақтап қалды, «Елбасы» мәртебесінен, Қазақстан Республикасы Президенті болып сайлану құқығынан айырылды. Сондай-ақ, ол Мемлекеттік құрылыс, ішкі және сыртқы саясат бойынша халыққа қаратып та, Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның Палаталары алдында мемлекет үшін маңызды сұрақ-

тар бойынша да сөз сөйлей алмайды.

Осы орайда, маңыз берер оқиғалар сапында «Astana club»-тың VII отырысы жөнінде де айтпай кеткен болмас. Биылғы 11-12 желтоқсанда экс-президенттің қатысуымен «Astana club»-тың VII отырысы өткені мәлім. Бір жылдық үзілістен соң халықаралық диалог алаңы өз жұмысын жаңғыртты. Клубтың соңғы отырысы 2021 жылы ұйымдастырылған еді. Аталмыш оқиғадан соң экс-президенттің ұзақ уақыт үзілістен соң бәлкім үлкен саясатқа оралуы мүмкін екенін бағамдадық.

ЖАҢА ЖЫЛДАН НЕ
КҮТЕМІЗ?

2024 жыл саяси оқиғаларға толы болмақ. Әсіресе, халықаралық саясатта маңызды оқиғалар өтпек. Бұл, әрине, АҚШ пен Ресейдегі президент сайлаулары. Қазірдің өзінде бұл екі үдеріске қызығушылық жоғары.

15-17 наурызда Ресейде президент сайлауы өтеді. Ол туралы елдің Орталық сайлау комиссиясы 7 желтоқсанда шешім қабылдады. Бұл Кеңес Үкіметі ыдырағаннан бергі көрші елдегі сегізінші президент сайлауы. Сайлаудың басты ерекшелігі 3 күн бойы өтеді. Президент 6 жылға сайланады. Демек, жеңіске жеткен саясаткер 2030 жылға дейін ел тізгінін қолға алады деген сөз.

Ресейдің қазіргі президенті Владимир Путин 8 желтоқсанда сайлауға түсетіні туралы хабарлады. РФ ОСК 23 желтоқсандағы мәліметі бойынша 29 адам үміткер ретінде өзін ұсынған. Кімнің тіркеліп, кімнің тіркелмегені жайлы толық мәлімет 1 қаңтарда белгілі болмақ.

Солтүстік көршімізде өтетін сайлаудың қандай маңызы бар? Ең алдымен, мемлекеттің 2030 жылға дейін ішкі және сыртқы саяси бағ-

дарлары айқындалады. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі президент Путиннің жеңіске жету мүмкіндігі жоғары. Егер бұл болжам жүзеге асса, Ресейдің батыс елдермен саяси бәсекесі жалғасады деген сөз. Тіпті, өзге үміткер жеңіске жеткеннің өзінде сыртқы саяси бағыт өзгермейтін сынайлы.

Жыл соңына қарай АҚШ-та президент сайлауы өтеді. 5 қарашада америкалықтар өз тарихында 60-шы рет президентін сайламақ. Негізгі үміткерлер Демократиялық партиядан Джо Байден және Республикалық партиядан Дональд Трамп. Демократтар сапында қазіргі президентке бәсекелес табылмай тұр. Ал республикалықтар сапында Дональд Трамптың мүмкіндігі жоғары, алайда әлі күнге дейін нақты үміткер анықталмады. Бірақ кім жеңіске жетсе де АҚШ-тың сыртқы саясаты күрделі өзгеріске ұшырамайды.

Елімізге келер болсақ, сыртқы саясатта құбылмалы геосаяси жағдай бізге әсер етпей қоймайды. Бұл бағытта көпвекторлы саясат жалғаса бермек.

Ішкі саясатта экономикалық реформаларға аса мән беріліп, саяси реформалар жалғасын таппақ. Бұдан бөлек, энергетикалық мәселе де өзекті болмақ. Атом электр станциясын салуға қатысты біржақты шешімге алдағы жылы келуіміз мүмкін. Тағы басты мәселе – жылу электр станцияларын технологиялық жаңғырту мәселесіне мән берілуі мүмкін.

(Дереккөз: akorda.kz).

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



СТУДЕНТТЕР ҮЙІ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

АЛМАТЫДА
ЖАҢА ЖАТАҚХАНА
АШЫЛДЫ

Кеше Алматыда Қазақстан–Британ техникалық университетінің студенттеріне арналған жаңа жатақхана ашылды. Екі корпустан тұратын студенттер үйі 980 орынға есептелген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жатақхана тапшылығы мәселесін жою мақсатында берген тапсырмасын жүзеге асыру аясында Алматыда 980 студент-жасқа арналған жаңа жатақхана ашылды. Жатақхананың ашылу салтанатына академик Асқар Жұмаділдаев, қала әкімдігінің өкілдері, жоғары оқу орнының басшылары, ғалымдары мен профессор-оқытушылары, студент-жастар құрамы қатысты. Ғимаратта білім алушылардың жайлы тұруына барлық жағдай жасалған.

– Тоғыз қабаттан тұратын жатақхананың әр қабатында электр плита, тоңазытқыш және микротолқынды пешпен жабдықталған асүй, спорт залы, оқу залдары бар. Үш және төрт студентке арналған әр бөлмеде заманауи жиһаз, жуынатын бөлмесі бар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнебақылау жүйесі орнатылған, – дейді Қазақстан–Британ техникалық университетінің ректоры Маратбек Ғабдуллин.

Елімізде жатақхана мәселесі өте өзекті. Әсіресе, Алматы қаласында жатақхана тапшылығы жоғары. Бұл ретте ректордың айтуынша, бүгінде 6 мың 200 студент білім алатын Қазақстан–Британ техникалық университеті өз студенттерін толықтай жатақханамен қамтамасыз еткен бірден-бір жоғары оқу орны.

Жалпы Алматыда екі жүз мың студентті қамтитын 35 жоғары оқу орны бар. Соның 124 мыңы (62,3%) сырттан келіп оқитын жастар екен.

– Мегаполисте 32 мың студент тұратын 95 жатақхана бар. Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы аясында 12 мың орынды, 2030 жылға қарай тағы да 20 мың орынды жаңа жатақханаларды пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл жұмыстар жатақхана тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жатақханаларды салу бойынша жұмысты тиімді үйлестіру үшін наурыз айында әкімдік ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен бірлесіп жобалық кеңсені іске қосты, – деді қалалық Жастар саясаты басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қайыржан Ермекұлы.

Айтуынша, жобалық кеңсе іске қосылғалы бері игі шараға атсалысуға 114-тен астам әлеуетті инвесторлар жүгінген екен. Бүгінгі таңда 42 452 төсек-орынға арналған 48 жоба жұмысын бастады. Соның ішінде 33 нысан 38 740 төсек-орынға арналған жаңа жатақханалар салуды, 15 нысан 3712 төсек-орынға арналған жатақханалар ретінде қолданыстағы нысандарды қайта жаңартуды көздейді. Қалған 66 инвестордың жобасы бойынша жер учаскелерін іздеу жүргізілуде.

Жыл соңына дейін 3969 төсек-орынға арналған 14 нысанды, соның ішінде келер оқу жылының басына қарай қайта құру жолымен 1550 төсек-орынға арналған 7 нысанды пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Жоғарыда атап өткен Жол картасы аясында 2024 жылы 4 мыңға арналған ғимаратты пайдалануға беру жоспарланған.

Мәншүк ЖҮРСІНҚЫЗЫ.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

сыбайлас жемқорлықпен күресуге қолғабыс етеді

Қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Тастемірұлы мегаполистегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің превенция бағыты бойынша атқарылған жұмыстың қорытындысын баяндап берді.

Мәншүк
БЕКБОСЫН

«Алматы қаласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын іске асыру туралы» баяндамасында департамент басшысы тәуекел картасының тоқсан сайын жаңартылып отыратынын тілге тиек етті.

– Биылғы жылдың 9 айдағы қорытындысы бойынша Алматы қаласының картасында 8 сала болды. Алайда, жылу беру маусымының келуіне, кейбір тауар бағаларының көтерілуі мен тұрғын үй саласында азаматтардың наразылығына байланысты 3 сала қосылып, бүгінгі таңда картада 11 проблемалық сала бекітілді, – деп атап өтті Арман Рахимов.

Алматыда сыбайлас жемқорлықпен күрес мәдениеті қалай қалыптасып келеді деген сауалға спикер биыл сыбайлас жемқорлыққа қарсы 11 мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 4 сыртқы талдау жүргізіліп, соның қорытындысы бойынша 137 ұсыным енгізілгенін тілге тиек етті.



Бұдан өзге, Арман Рахимовтың айтуынша, қалада бизнесті дамытудың тиімділігіне әсер ететін бірқатар проблемалар бар.

– Кәсіпкерлерге көмек көрсету мақсатында жыл басынан бері жүзеге асырылып жатқан «Бизнеске жол» жобасы аясында екі мыңнан астам кәсіпкерді қамтитын жүзден аса кездесулер өткізілген. 38 проблемалық мәселе шешімін тауып, 1600-ден астам кәсіпкердің құқығы қорғалды. Кәсіпкерлік қызметке араласқаны үшін ӘҚБтК-нің 173-бабы бойынша 3 лауазымды тұлға

әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, 7 факт бойынша ӘҚБтК-нің 465-бабы бойынша рұқсат беру тәртібі мен мерзімін бұзғаны үшін 4 адам жауапқа тартылды, – деді департамент басшысы.

Әлемдік оң тәжірибелерді ескере отырып, биыл тамыз айында Агенттік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жаңа әлеуметтік жобаны іске қосты. Мұндағы мақсат – еріктілер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа немқұрайлы қарамайтын азаматтарды тарту. Мегаполисте бұл жобаға ниет білдіргендер саны 250 адамнан асыпты. Ол-ол ма, еріктілер мемлекеттік сатып алу мониторингі барысында 45 млн теңгеден астам бюджет қаражатын үнемдеуге қол жеткізді.

Жиында Арман Тастемірұлы сыбайлас жемқорлық туралы хабарламаны тек жай азаматтар ғана емес, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының өзі хабарлайтын оң динамиканың қалыптасқанын тілге тиек етті.

– Мысалы, шекара әскерлеріндегі қызметші заңсыз құқықбұзушылық фактісі туралы хабарлады. Хабарлама түбегейлі тексеріліп, аталған ақпарат расталды. Бұл жерде ақпарат берген адам өзінің азаматтық ұстанымын көрсете отырып, қылмыстың алдын алды. Сондай-ақ, көші-қон саласындағы заңнаманың бұзылуына жол бермеді, – деді спикер.

Жыл басынан бері сыбайлас жемқорлық бойынша құқықбұзушылықтар туралы хабарлағаны үшін 1,4 млн теңге сомасына 8 адамға сыйақы, ал өткен жылы 2,6 млн теңге сомасына 13 азаматқа сыйақы тағайындалыпты.

КОНФЕРЕНЦИЯ

МЕДИАЦИЯ –
ӨРКЕНДЕУ ҚАДАМЫПердехан
ШӘМШИЕВ

Алматыда Достық үйінде «Қазақстан Республикасында медиацияны дамыту» тақырыбында конференция өтті. Іс-шараны «Халықаралық келіссөздер академиясы» Құрылмасы ұйымдастырды.

Медиация десе, көпшілігіміз түсінбеуіміз мүмкін. Медиация дау-жанжалдарды шешудің сотқа дейінгі жолы. Яғни арызданушы екі тарап сотқа жүгінбей-ақ келісе отырып мәселені шеше алады.

«Халықаралық келіссөздер академиясы» кәсіби медиаторлары еліміздің барлық өңірінде конференция ұйымдастырып келеді. Бұл жолы кезек Алматы қаласына келді. Спикер ретінде «Халықаралық келіссөздер академиясы» төрағасы Сабыржан Қалмұхамбетов және оның кеңесшісі Азамат Нұрлыбаев қатысты.

Сабыржан Қалмұхамбетов «Қазақстан Республикасында медиацияны дамыту» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз баяндамасында ме-

диацияның не екеніне тоқталған жоқ. Себебі, оның сөзінше, конференцияға қатысушылар оның не екенін жақсы біледі. Мұның орнына спикер тәжірибелік мәселелерге тоқталды.

Сонымен қатар, қаламыздың медиаторларынан өз жұмысында қандай мәселелермен кезігіп жатқанын және медиация саласын дамытуда қандай ұсыныстары бар екенін білмекші болды. Өз кезегінде қаламыздың мамандары өз жұмысында қандай мәселелермен жиі кезігетінін ашық айтты. Осылайша конференция біржақты монолог емес, көпжақты диалогқа айналды.

Естеріңізге сала кетейік, республикалық грант шеңберінде «Халықаралық келіссөздер академиясы» Қауымдастығы» ЗТБ сарапшылар тобы еліміздің 17 облысында жалпы саны 60 аймақтық конференция және Нидерланды елінің жетекші медиаторларының қатысуымен халықаралық «дөңгелек үстел» өткізді. Барлық іс-шараларға 1500 адам қатысты. Тұрақты негізде халықтың түрлі топтары арасында «Медиация туралы» Занды түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, медиацияны қолданудағы негізгі проблемаларды анықтау және тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру жүргізілуде.

ЖОЛ АПАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ
КӨЛІКТЕГІ
ЖАНЖАЛОқиғаның мән-жайы
анықталуда

Алматы қалалық Полиция департаменті 22 желтоқсанда 18 сағат 15 минутта 47-бағыттағы қоғамдық көліктің (жеке тасымалдаушы – «ДуманТранс-Ком» ЖШС) жолаушысы жанжал салдарынан жүргізуші әйелді ұрғандығын, ол есін жоғалтып, көлікті басқара алмай қалғанын хабарлайды.

Бақылаудан шығып кеткен қоғамдық көлік аялдамада тұрған адамдарды қағып, төрт көлікпен соқтығысты. Жол-көлік апаты салдарынан үш адам қаза тапты. 4 адам түрлі дене жарақатын алып, ауруханаға жеткізілді.

«Қоғамдық көлік жүргізушісін ұрған ер адам ұсталды. Аталған дерек ҚР ҚК-нің 345-бабы 3-бөлігімен сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркелді. Сараптама тағайындалды. Оқиғаның басқа да мән-жайы анықталуда», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Апат салдарынан
7 адам зардап шекті

«Жедел медициналық қызмет келгенше үшеуі қайтыс болды. Үш ересек адамға жабық бас сүйек-ми жарақаты, ми шайқалуы диагнозы қойылды. Бір кісіге сол жақ жамбас сүйегінің сынығы диагнозы қойылып, 7-қалалық клиникалық ауруханаға жатқызылды. Төртіншісі – зардап шеккен 15 жастағы бала. Ол сол жақ табан сүйегінің сынуы диагнозымен 2-қалалық балалар клиникалық ауруханасына жатқызылды. Зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсетіліп, барлық қажетті медициналық көмек толық көлемде көрсетілуде», – деп хабарлады Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы.

А.ҚЫДЫР.



ДЕМОГРАФИЯ

Айғаным, Бөрте,
Зере

Алматылықтардың көбі
балаларына тағы қандай
есімдерді қойды екен?

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына қарасты АХАТ бөлімдерінің берген мәліметінше, алматылықтардың көпшілігі балаларына қасиетті исламдағы есімдерді таңдапты.

Олардың қатарында Мұхаммед, Аль-Мұхаммед, Ислам, Мұхаммедәли, Омар, Абдрахман, Фатима, Раяна, Кәусар, Айша, Медина, Ясина болса, көп кездесетін есімдер қатарында тарихи тұлғалар мен қайраткерлер есімдері де бар. Мәселен, Абылайхан, Қазыбек, Әбілхайыр, Кенесары, Әлихан, Әміре, Нұрсұлтан, Қасым-Жомарт, Хан, Айғаным, Бөрте, Зере, Томирис және т.б. Сонымен қатар, Алдияр, Айсұлтан, Алинұр, Нұрали, Алияр, Аион, Айлин, Інжу, Маржан, Асылым, Марьям, София, Аяла сынды қазіргі заманғы есімдерді де бірқатар ата-ана таңдаған.

Осы жылдың қаңтар-қазан аралығында Алматы қаласында 29 560 бала дүниеге келді. Оның 15 251-і – ұл, 14 309-ы – қыз. Олардың 435-і егіз туған: 216 жұбы егіз, 1-еуі үшем.

Алматы үшін тамыз айы балалардың көп туғанымен ерекшеленді. Бұл айда 3310 бала өмір есігін ашқан.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

АЛМАТЫНЫҢ ДИЗАЙН-КОДЫ

қала кәсіпкерлеріне жаңа жоба таныстырылды

Алматының жаңа дизайн-коды қалаға тұтастық пен эстетикалық тартымдылық бере келе, қала тұрғындары, билік пен бизнестің өзара іс-қимылының қуатты құралына айналады деп күтілуде. Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының алаңында бизнес субъектілеріне оңтүстік астананың дизайн-коды жобасы таныстырылды. Айта кетерлігі, Алматының дизайн-коды жобасы 13 желтоқсанда «Ашық НҚА» сайтында жарияланған болатын. Құжатты қоғамдық талқылау 28 желтоқсанға дейін жалғасады.



Айнабай
МӘДИ

Дизайн-код жобасын «Алматыбасжоспар» ҒЗИ мамандары әзірлеуде. Бүгінде дизайн-код жобалары бойынша кеңес беру және одан әрі жұмыс істеуде сайтта тестілеу жүреді. Дизайн-кодты әзірлеушілер Алматы қаласының әкімдігі мен мәслихатымен бірлесіп, жобаны өтпелі кезең рәсімі, сондай-ақ заңгерлік пысықтаумен белсенді айналысуда. Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының төрағасы Нұрсұлтан Шоқановтың айтуынша, бизнес нысандарды жалға алушы кәсіпкерлер иелері – қалалық кеңістікті құрайтын элементті қалыптастыруға тікелей қатысушылар.

«Алматының дизайн-код жобасын сарапшылар көптен бері талқылап келеді. Қаланың жанашыр тұрғындарының бұл процеске белсенді қатысқаны қуантады. Себебі, қалалық органдың жайлылығы инженерлік-коммуникациялық желілер, көлік, әлеуметтік нысандарға ғана емес, сонымен бірге ондағы атмосфе-



раға да байланысты. Дизайн-кодқа эстетикалық көрініс, сәйкес түс схемасы, ерекше архитектуралық шешімдер жатады. Бір сөзбен айтқанда, біз Алматының тартымды, бірегей, қайталанбас бірыңғай стилін қалыптастыруға ұмтылып жатырмыз. Әрқайсымыз ортақ іске өз үлесімізді қосамыз деп үміттенемін», – деді Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов.

Дизайн-код – біртұтас эстетикалық сәулет пен жайлы қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар жиынтығы. Жоба қалалық кеңістіктің әртүрлі аспектісін қамтитын негізгі бөлім мен 6 қосымшаны (7-қосымша – «жарықтандыру» әзірлену үстінде) қамтиды: медиа, навигация, қалалық жиһаз, көгалдандыру, қасбет пен қоршаулар.

«Алматының дизайн-коды алдыңғы жобалардағы тәжірибені зерделей келе, қала тұрғындарының 15 мыңнан астам сауалнамасы талданып әзірленді. Жобалық семинар мен студенттердің қатысуымен сауда дизайнына шығармашылық конкурстар ұйымдастырылды. Жобаның ағымдағы кезеңі кеңес беру үшін сайт-сервисті тестілеу, дизайн-кодын енгізу кезеңдерімен жұмысты

қамтиды», – деді дизайн-код жобасының бас сәулетшісі Тахмина Сафоева.

Әзірлеушілердің айтуынша, «Алматы дизайн-кодының» негізгі қағидаты мен философиясы – қаланың бірегейлігін нығайту, тұрғындар арасындағы өзара іс-қимылды ынталандыру, навигация үшін әлеуметтік медианы пайдалану. Дизайн-кодты тұрақтылық, қала тұрғындарының даму процесіне қатысуы, жергілікті өнер мен мәдениетті қолдау, халықтың барлық тобына қолжетімділік пен қалада жауапты навигацияны реттеуге бағытталған.

«Бұған дейінгі әзірлемелер қаланың орталығына ғана есептеліп, Алматы қаласындағы құрылыс құрылымының күрделілігін ескерген жоқ. Бұл жобадан қала: жеке сектор, типтік тұрғын үй, аралас құрылыс, тарихи мәдени кеңістік, жана құрылыс деп белгілі бір құрылыс түріне бөлінеді. Дизайн-код әр түрге бейімделген. Алматы – өзінің ерекше сипаты мен тарихына ие шаһар. Шаһардағы қиылыс мен арықтар сияқты қаланың негізгі рәміздерін дизайн-код пайдалану қаланың бірегей бейнесін жасауға көмектеседі», – деді «Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Сәдуов.

БРИФИНГ

«ОТБАСЫ БАНК»

салымшылары мемлекеттің ең жоғарғы сыйақысын ала алады

2023 жылдың қорытындысы бойынша жаңа немесе бұрыннан жинақ шоттарының иелері мемлекет тарапынан 20% көлемінде сыйлықақы алады. Бұл туралы Әңірлі коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Отбасы банктің» Алматы қалалық филиалының директоры Данагүл Түсіпова айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Спикер келтірген мәліметке сүйенсек, биыл Алматының 11 200 тұрғыны «Отбасы банк» қолдауымен қоныс тойын атап өтті. Ал 24 500 алматылық депозиттер ашып, болашақта қолжетімді шарттар бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат жинай бастады.

Мемлекет сыйлықақысы 200 АЕК (2023 жылы 1 АЕК 3 450 теңгеге тең) немесе 690 000 теңгеден аспайтын сомаға есептеледі. Егер осы жыл ішінде «Отбасы банктің» депозит ұстаушысы осы қаражатты өз шотына жинаса немесе оларды бір мезгілде енгізсе, онда ол 2023 жылдың қорытындысы бойынша ең жоғары сыйлықақыны – 138 000 теңгені алады, ол үшін банк салымшылары өз депозиттерін 2023 жылдың 29 желтоқсанына дейін толықтырып үлгерулері керек.

«20 жыл бойы біз қазақстандықтарға үнемілдікті үйретіп келеміз. Жинақтау мүмкіндігі 490 мыңнан астам қазақстандық отбасыға тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесті. Жақын арада қоныс тойын атап өту үшін тағы 2,6 млн қазақстандық ақша жинақтап жатыр. Бұл мәселеде оларға мемлекеттің көмектесетіні де маңызды. Сыйлықақы төлеуге арналған қаражат жыл сайын республикалық бюджетте көзделеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 1,9 млн қазақстандық 75 млрд теңге көлемінде мемлекет сыйлықақысын алды», – деді «Отбасы банктің» Алматы қалалық филиалының директоры Данагүл Түсіпова.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Банктің жылдық 2% мөлшеріндегі сыйақысын және мемлекет сыйлықақысын ескергенде «Отбасы банктегі» депозиттер бойынша тиімді мөлшерлеме жылдық 14%-ға жетуі мүмкін.


Сонымен бірге, ол мемлекет сыйлықақысы бұрын көтермеленбеген жинақтарға ғана есептеледі. Яғни жыл сайын биыл жасалған жинақтар мен өткен жылы көтермеленбеген жинақтардың қалдығы есепке алынады. Егер бір салымшының банкте бірнеше депозиті болса, онда мемлекеттің сыйлықақысы олардың біреуіне ғана есептеледі. Егер «Отбасы банктің» салымшысы өз жинақ ақшасын алып қоюға шешім қабылдаса және үш жыл-

дан аз мерзім бойы жинақтаған депозитін жапса, онда мемлекеттің есептелген сыйлықақысы бюджетке қайтарылады.

«Отбасы банктің «Отбасылық пакеті» шеңберінде өз кірісіңізді ұлғайтуға болады. Ол үшін сіз отбасының бірнеше мүшесіне депозит ашуыңыз керек, сонда сыйлықақы әр салымға есептеледі. Мысалы, отбасы айына белгілі бір соманы үнемдеуді жоспарлаған болса, онда отбасы оны «Отбасылық пакет» шеңберінде бірнеше салым арасында бөлу арқылы әр салым үшін мемлекет сыйлықақысын алатын мүмкіндікке ие болады. Содан кейін қажетті соманың жинақталуы тезірек болмақ.

Банк салымшысы жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін бір отбасының барлық шотын біріктіріп, қарыз алуға болады. Бүгінгі күні қазақстандықтар үшін ең қолжетімді қарыз түрі – тұрғын үй қарызы. Мұндай қарыз шот-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Данагүл
ТҮСІПОВА,
«Отбасы
банктің»
Алматы
қалалық
филиалының
директоры:

Балаңызға да депозит
аша аласыз

«Отбасы банкте» балаларға банктің дәстүрлі депозитінің көмегімен немесе «Арнау» депозитін пайдалана отырып ақша жинақтауға болады. Оның талаптары бойынша кем дегенде 10 жыл ішінде тұрғын үй құнының 50%-ын жинақтау қажет. Депозитке жинақтау кезінде банктің сыйлықақысы мен мемлекеттің сыйлықақысы да есептеледі. Бұл ретте жинақтау мерзімі өткеннен кейін қарыз бойынша мөлшерлеме жылдық 2%-ды (ЖТСМ 2%-дан бастап) ғана құрайды. Стандартты депозит шеңберінде қарыз бойынша ең төменгі мөлшерлеме 3,5% (ЖТСМ 3,6%-дан бастап).

Енді 14 жасқа дейінгі балаңызға депозитті онлайн-режимде аша аласыз. Жаңа қызмет otbasybank.kz порталында қолжетімді. Ал 14 жасқа бастап депозитті баланың өзі ата-анасының немесе басқа заңды өкілдерінің (мысалы, қамқоршылардың) келісімімен банк бөлімшесінде ашады.

та кемінде 3 жыл мерзім ішінде тұрғын үй құнының кемінде 50%-ы жинақталған жағдайда беріледі. Қалған соманың 50%-ын клиент жылдық 3,5%-дан 5%-ға дейінгі мөлшерлеме (ЖТСМ 3,6%-дан бастап) бойынша алады.

Жалпы, аталған банк қолдауымен күн сайын орта есеппен 235 бақытты отбасы қоныс тойын атап өтеді. Биыл «Отбасы банк» көмегімен өзінің тұрғын үй мәселесін 62 298 қазақстандық шешті.



ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР ШЫҒАРА БАСТАДЫҚ

Алматыда Hyundai Trans Almaty зауытын жаңғырту аяқталды

«Өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет. Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы артарап-тандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айнауда. Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автомобильшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек», делінген ел Президентінің халыққа Жолдауында.

Назарларыңызға Primeminister.kz редакциясының кезекті шолуын, дәлірек айтсақ, отандық өнеркәсіпте қол жеткізілген нәтижелерді ұсынамыз.

Өңдеу өнеркәсібі: серпінді жобалар

• Биыл елімізде өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 488 млрд теңге болатын 126 жаңа жоба іске қосылды. 8,9 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны ашылды. Айта кетейік, жұмысқа орналастыру іс-шараларымен қалалар, моноқалалар және ауыл тұрғындары қамтылуда.

Ел экономикасы үшін ең негізгі және маңызды жобалар қатарында:

– Тамыз айында Дөң тау-кен байыту комбинатының жиналған шламдарын өңдейтін байыту фабрикасы іске қосылды. Зауыттың қуаттылығы жылына 400 мың тонна хром концентратын құрайды, жалпы инвестиция көлемі – 96 млрд теңге. Жоба аясында 400-ге жуық жұмыс орны ашылды. Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде бұрыннан жинақталып қалған 14,5 млн тонна қалдық өңделетін болады.

– Қараша айында Қарағанды облысында арнайы кокс шығаратын ауқымды жоба техникалық түрде іске қосылды. Қуаттылығы жылына 400 мың тонна болатын кәсіпорында 184 жұмыс орны ашылды. Арнайы кокстан бөлек, зауытта жылына 72 мың тонна көмір шайыры мен көмір майын өндіру де жоспарланып отыр.

– Қараша айында Қарағанды облысы, Саран қаласының индустриялық аймағындағы Silk Road Electronics зауытында отандық тұрмыстық техника өндірісі ашылды.

Автоматтандырылған кәсіпорында Artel брендімен су жылытқыштар, шаңсорғыштар, асүй плиталары, шағын пештер, асүй ауасын тазартқыштар, жартылай автоматты кір жуғыш машиналар мен теледидарлар сияқты 7 түрлі өнім шығарылады. Зауыт 2025 жылға қарай толық қуатына шыққанда жылына 1,1 млн дана өнім шығаратын болады.

– Қарағанды облысында ашылған тағы бір маңызды жоба – қуаттылығы жылына 330 мың тонна өнімді құрайтын әк шығаратын зауыт. Импортты алмастыруға зор үлес қосатын кәсіпорынға «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдау көрсетілді. Зауыт республиканың әтасқа қажеттілігін толық жабады деп күтілуде.

– Қыркүйекте Жетісу облысындағы керамикалық плитка өндірісінің қуаты жылына 1,2 млн шаршы метрден 3,5 млн шаршы метрге дейін ұлғайтылды. Бұл еліміздегі осы өнім импортының 10%-ын жабуға мүмкіндік береді. 226 жұмыс орны ашылды.

– Қостанайда әлемдік өндірушілермен өнеркәсіптік кооперация аясында бірқатар жоба жүзеге асырылды. Атап айтқанда, жылына 10 мың дана Jetour автокөліктерінің сериялық өндірісі, сондай-ақ жылына 15 мың дана Skoda автомобильдерінің өндірісі іске қосылды.

– Локализацияны дамыту аясында қуаттылығы жылына 25 мың дана Kia Sportage және Kia Cerato автомобильдерін ұсақ тораптық әдісі арқылы (дәнекерлеу және кузовтарды бояуды қоса) шығару ұйымдастырылды. Қуаттылығы жылына 30 мың дана Chevrolet Onix автокөліктерін ұсақ тораптық әдіспен шығару жобасын іске қосу басталды.

– Қостанай индустриалды аймағында қуаттылығы жылына 70 мың автомобильді құрайтын жаңа Kia зауытының құрылысы басталды. Сонымен қатар, ШОБ-тың қатысуымен автокомпоненттер шығарылатын локализациялау орталығының құрылысы жүріп жатыр.

– Алматыда Hyundai Trans Almaty зауытын жаңғырту аяқталды: Golden Dragon қалалық автобустарын, сондай-ақ Hyundai жүк көліктерінің барлық моделін дәнекерлеу және бояу бойынша технологиялық операциялар іске қосылды.

– Сонымен қатар, Алматыда орындық, мульти-медиа жүйелері мен пластикалық бөлшектер шығаратын Hyundai автомобильдік локализациялау паркінің құрылысы басталды. Локализациялауды тереңдету аясында инвестиция көлемі 12,4 млрд теңге құрамақ. 400-ден астам жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Qarmet ел меншігіне қайтарылды

• Бұдан бөлек, ішкі нарыққа бағытталған өнімдер шығаратын бірқатар шағын және орта жобалар іске қосылды:

– Шымкентте инвестицияның жалпы құны

Биыл еліміз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында жариялаған және халықтың өмірін жақсартуға бағытталған жаңа экономикалық модельге көшуді бастады. Ол үшін еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыруға баса маңыз берілген құрылымдық экономикалық реформалар белгіленді.



4,9 млрд теңге болатын дымкыл майлықтар, сұйық және қатты сабын өндірісі жобасы іске қосылды. Зауыттың қуаттылығы жылына шамамен 15 мың тонна өнім шығаруға жетеді.

– Батыс Қазақстан облысында жалпы инвестиция көлемі шамамен 1,3 млрд теңге болатын бигбет (жұмсақ контейнерлер) шығару жобасы іске қосылды. Кәсіпорынның қуаттылығы жылына 5 млн өнімді құрайды.

Биыл Қазақстанда бұған дейін елімізде өндірілмеген жаңа тауарлардың өндірісі жолға қойылды. Олардың қатарында мұнай-химиялық реагенттер, айнымалы жиілікті жетектер, күн батареясының картридждері, жоғары тұрақты электр үнемдейтін кварцтық генераторлар, электронды температура түрлендіргіштері және мембрандық бөлгіштер жүйелері, сондай-ақ жоғары вольтті вакуумдық автоматтық ажыратқыштар және көп функциялы есептегіштер бар.

• Биылғы елеулі жетістіктердің бірі – Qarmet комбинатының Қазақстан меншігіне қайтарылуы. Қазақстан Үкіметі мен ArcelorMittal арасындағы келісімді еліміз үшін айрықша маңызға ие мега-мәміле деп атауға болады. Меншік иесінің ауысуымен кәсіпорынға бірінші кезеңде шамамен \$1,3 млрд жеке инвестиция салынады. Бұл қаражат құрал-жабдықтарды жаңғыртуға, заманауи өндірістік технологияларды енгізуге және өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарын жақсартуға бағытталады.

Даму институттары жарап тұр

• Ел Үкіметі шартты бұзған жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттары мен лицензияларын қайта қарау жұмыстарын жүргізуде. Биыл 54 келісім-шарт тоқтатылып, қатты пайдалы қазбаларды барлауға берілген 96 лицензия қайтарылды. Міндеттемелерді бұзғаны үшін 6,4 млрд теңге айыппұл салынды.

Нәтижесінде алтын, көмір, темір, мыс, көмір-сутек, боксит, полиметалл және т.б. кен орындары мемлекеттік қорға қайтарылды, олар кейіннен жаңа инвесторларға беру үшін ашық аукционға қойылады. Бұл жер қойнауын пайдалану секторына қосымша инвестиция ағынын қамтамасыз етеді.

2023 жылы өткізілген аукциондардың қорытындысы бойынша ел бюджетіне 4,3 млрд теңге көлемінде қол қою бонусы төленді. Бұл ретте көмірсутек шикізатын геологиялық барлауға тартылған жаңа инвестициялар көлемі шамамен 23 млрд теңгені құрайды.

• Қазақстанның жаңа өнеркәсіптік саясаты өнімділігі жоғары, экспортқа бағдарланған экономиканы құруға және шикізаттан өңдеуші өнеркәсіпке көшуге бағытталып отыр. Осы мақсатта биыл мемлекеттік ынталандырудың қаржылық және қаржылық емес шараларын қамтамасыз ету механизмдері қосылған Өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

• Өткен жылы және биыл даму институттары өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыруға 620 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. Атап айтқанда, жеңіл өнеркәсіпке 3%-бен, тұрмыстық техника сияқты терең өңделген өнім өндірушілерге 9%-бен несие беріледі. Шағын және орта бизнестің 2 млрд-тан 7 млрд теңгеге дейінгі жобалары үшін 8%-бен несие беру қарастырылған.

Өндірушілер шикізатпен қамтамасыз етілді

• Өндірушілерді шикізатпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Алюминий, мыс және қорғасын үш маңызды металл ретінде анықталды. Қазіргі уақытта металдарды ішкі тұтыну үлесі: алюминий – 17%, қорғасын – 19%, мыс – 1,5%. Қазір олардың отандық қайта өңдеушілерге арналған бағасы нарық бағасынан 5%-ға дейін төмен. Атап айтқанда, бұл жыл соңына дейін алюминий өңдеуді шамамен екі есеге – 31 мың тоннадан 51 мың тоннаға, мысты 7 мыңнан 9 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

• Өңдеу кәсіпорындарын қолжетімді шикізатпен қамтамасыз ету бойынша заңнамалық міндеттемелерді іске асыру үшін түзетулер пакеті әзірленді. Бұл 2029 жылға қарай металдарды ішкі өңдеу көлемін, яғни алюминийді 5 есеге – 166 мың тоннаға, қорғасынды 4 есеге – 81 мың тоннаға, мысты 13 есеге – 91 мың тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

• ШОБ-қа инфрақұрылымдық қолдау көрсету үшін «Шағын өнеркәсіптік аймақтар» бағдарламасын іске қосу жұмыстары басталды. Ол өңдеу өнеркәсібі саласына шағын және орта бизнес субъектілерін тарту үшін жаңа өндірістік орындар салуды және қазіргі өндірістерді реконструкциялауды көздейді.

Дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫНШАШЫ

Прозаик, драматург, мемлекет және қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанова 80 жасқа толды. Мерейтой иесінің құрметіне Алматыдағы А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада «Қазақтың Алтыншашы» атты әдеби-сазды кеш өтті. Оған жастармен қатар, кейіпкердің ең жақын тілеулес адамдары қатысты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

НАМЫС ТУРАЛЫ

Еске сала кетсек, Алтыншаш Жағанова комсомол органдарында, «Қазақстан» және «Жазушы» баспаларында жұмыс істеген. Республикалық «Қазақстан әйелдері» және «Жаңа фильм» журналдарының бас редакторы болған. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің аппаратында жауапты қызмет атқарды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің төрайымы болып, республикалық «Руханият» партиясына жетекшілік еткен.

Қайраткерлігімен қатар қаламгерлігі де бір төбе. «Әмина, қасқырлар және ақырзаман», «Ақ қоян – Құмай тазы», «Еркетотай», «Тентектер», «Эхо по кругу», «Шалунья» атты әңгіме, повестердің және «Бәрі де анандан басталады», «Несер», «Ала жіп аттаған дар», «Беймаза әйел», «Жан алқымда», «Обыр» сынды пьесалардың авторы.

– Бүгінгі кездесуге кілең мөлдіреген жастар келген екен, мен сол үшін қуаныштымын. Өйткені, жастар – біздің болашағымыз. Біздің ертеңгі күніміз. Біз үміт артып отырған жеткіншектеріміз. Өткен күндерге көз жүгіртсем, біз біраз шаруа тындырған сияқтымыз, оның ішінде қиындығы да бар, жақсылығы да көп. Біздің тұсымызда заман басқаша еді. 1990 жылдан бастап елімізде үлкен-үлкен өзгерістер, бетбұрыстар болды. Қазіргі егемендігіміз, тәуелсіздігіміз оп-оңай орнай салған жоқ. Мен сол жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болдым. Сол кеңестің ішінде жүріп біз талай мәрте отқа да, суға да түстік. Түптеп келгенде, елдің болашағы, айналайын, мына сендердің келешектерің үшін біз әрдайым тура жол тандай білдік деп ойлаймын, – деді Алтыншаш Қайыржанқызы сөзінің беташарында.

Иә, Алтыншаш Жағанова заты нәзік болғанымен, Тәуелсіздігімізді алар сонау қиынқыстау тұста ер-азаматтармен иық түйістіре қатар жүріп, депутат ретінде елдік деңгейдегі түйінді мәселелерге көп араласып, олардың оң шешілуіне атсалысқан қайраткер.

Алтыншаш Жағанованың осыншалықты қайсар, намысқой мінезі туралы аяулы қызы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, әнші, тележүргізуші Қаракөз Сүлейменова былайша әңгімелеп берді.

– Шын мәнінде, әркім ата-анасымен мақтанады. Менің анам қазақ елі, жері, халқы және отбасы үшін аянбай еңбек еткен жандардың бірі. Солай осы қарттыққа ақырындап аяқ басып келе жатыр. Мен қуаныштымын анамның амандығына! Адамның болмысының қалыптасуы ол, әрине, бала кезде көрген тәрбиесіне байланысты. Мысалы, анамды атам мен әжем қатты еркелетіп өсірген. Еркелеткенде де, кәдімгі қазақтың жайлауында еркін жіберіп, «сабақ оқысаң оқырсың, оқымасаң көрерсің» деген сияқты, бетін қақпаған, ешнәрседен тежемеген, шектемеген. Сол еркіндігі болмысын қалыптастырды. Осы орайда бір оқиғаны айтып берейін сіздерге.

Анамның төртінші сыныпта оқып жүрген кезі екен. Балаларды шаңғы тебуге апарады. Әртүрлі ұлт өкілдері тұратын орта. Сонда бір шешен, әлде әзербайжанның баласы ма екен, екеуі шаңғыға таласып қалады. Өлгі баланың қолына тиген шаңғысы сынық екен дейді, содан ол жанында тұрған менің анамның шаңғысын жұлпып алады. Анам қарап тұрсын ба, баланың қолынан өз шаңғысын тартып алады. Анау бала да бергісі жоқ, екеуі жұлмаласа кетеді. Сол кезде анам тұмсығынан бір періп, қанатып қойыпты. Қазір елестетсең күлкілі секілді, ал екінші жағынан қарағанда ол шынашақтай қыздың намысқойлығы, рухының күштілігі дер едім. Мәскеуде М.Горький атындағы әдебиет институтында оқып жүрген кезінде де қазақтың намысына тиетін сөздер, әдебиетіне, тарихына қатысты теріс



ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Алтыншаш ЖАҒАНОВА, жазушы, драматург, мемлекет және қоғам қайраткері:

ӘЛЕМНІҢ БАРЛЫҚ КЕРЕМЕТІ ӨЗ ЕЛІМДЕ!

Мен үшін кітапхана деген қасиетті жер. Әдебиетті бала күнімнен ерекше ықыласпен оқыдым. Ауылда үлкен кітапхана болатын. Қолым қалт етсе, сонда барып әлем классиктерінің шығармаларын парақтайтынмын. Соларға еліктеп, өлең, әңгімелер жазса бастадым. Осы кітапхананың қыздары хабарласып, өзіңізбен рухани кеш өткізейік деп едік дегенде, бас тарта алмадым. Себебі, кітапхананы да, онда еңбек етіп жүрген, руханиятқа қызмет етіп жүрген әрбір жанды құрмет тұтамын.

Қазір жасанды интеллект деген нымызға да тиісе бастады ғой. Әрине, міндетті түрде заманауи ілім-білімді, технологияны меңгеріңдер. Елдің болашағы сендер. Бірақ ұлттық құндылықтарымызды да бір сәтке естен шығармаңдар, айналайындар. Қазақтың салт-дәстүрінің бәрі тұнып тұрған тәрбие. Біліммен қоса, соның бәрін өмірмен ұстастырып отырсаңдар, ешкімнен кем болмайсыңдар.

Мен үнемі айтып жүремін, қазақтың қызы қандай болса, халқы да сондай деп. Ұлт болашағы ең бірінші кезекте әйел-ананың қолында екенін ұмытпауымыз керек. Ертеңгі күні бізге алтындай, көргенді, инабатты, саналы ұл-қыз тәрбиелеп беретін аналар. Ара-тұра дүкенге бас сұға қалсаң, кассада тұрған кейбір қыздар «алсаңыз алыңыз, алмасаңыз қойыңыз» деп қатқыл сөйлеп, затты алыңа тарс еткізіп тастай салады. Бұл – ұсақ-түйек емес. Біз ешқашан тәрбиеден қателік жібермеуіміз керек. Қазақтың ұлттық ерекшелігінің бірі де – ата-ананы, үлкен кісіні сыйлау, олардың алдынан кесекелденең өтпеу, қарсы келмеу.

Мен әлемнің жарты бөлігін араладым. Талай дүниені көрдім. Бірақ мен ешқашан Еуропаға қызыққан емеспін. Мен үшін барлық керемет өз елімде, өз жерімде! Айналайын, жастар, иә, міндетті түрде оқыңдар, тоқыңдар, шетелді де көріңдер, бірақ елге қызмет етіңдер. Қазақ екеніңді мақтан тұтыңдар. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің қадіріне жете біліңдер. Бақытты болыңдар, алтындарым!

пікір айтатын адамдарға да есесін жібермеген. Сондай бір сәтте қарсыласын саусағындағы үлкен жүзігімен бір ұрған көрінеді. Кешегі өткен Тұмар патшайым, Әлия мен Мәншүгіміз қайдан шықты, осындай намыстан шықты. Біз ең алдымен тілімізге, тарихымызға құрметпен қарайтын халық болуымыз керек. Жастарда жалаң намыс болмауға тиіс. «Мынау жаман» деп немқұрайдылық танытып өтіп кетпеңіз, жаман болса, қай жағынан жөндеуге мүмкіндігіңіз бар, шамаңыз келгенше үлес қосуға ұмтылып жүрсеңіздер деймін жастар. Білімді, білікті, намысты, рухты адамды ешбір жау алмайды, – деді Қаракөз Сүлейменова.

АНАНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Алтыншаш Жағанованың есімі де кездесіп қойылмаған. Әкесі жылқышы болған. Көзі ашық, көкірегі ояу кісі жыр-поэмаларды сүйіп оқыған деседі. Татардың «Алтынчеч» поэмасына ерекше қызығушылық танытып жүрген тұста қызы дүниеге келіп, атын «Алтыншаш» деп қойыпты. Шешесі 45 жасында туғандықтан ба, әбден қиналып, тіпті емізе де алмаған деседі. Содан кішкентай Алтыншашты жылқы сүтімен, яғни саумалмен асырапты. Кейде өзінің өзгешелеу мінезін меңзеп, «менің жарты қаным – жылқынікі» деп қалжындайтыны содан.

– Менің қалыптасуыма, тұлғалық дамуымда да анамның орны ерекше. Кей тұста қатал, кей жерде даналықпен тәрбие берді. Сенесіздер ме, мені аулаға, сыртқа анам тек он бес минутқа ғана жіберетін. Егер үйге

айтылған уақытта келмесем, келесі жолы мүлдем шығармай қоятын. «Қызға қырық үйден тыйым» дегенді қатты ұстанды. Тамақ істеуді де ерте жасынан үйретті. Сонда «қыз бала ертен біреуге жар, біреуге келін, сондықтан үй шаруасында пысық болуы, сол үйдің отын маздапты жағып отыруы керек» дегені екен. Егер мені білетіндер «қонақжай, дастарханы әрдайым жаюлы» деп мақтап жатса, ол анамның берген тәрбиесі. Иә, сол тәрбие менің үлкен әулетке келін болып түсіп, елге танымал азаматқа жар болуда да үлкен септігін тигізді, – дейді Қаракөз Сүлейменова анасы туралы.

ҚАҢДАСЫМ

Осынау кешке мейман болып келген, атамекенге Моңғолиядан сонау 1992 жылы оралған белгілі суретші, ҚР-ның мәдениет қайраткері Өмірзақ Рыстан Алтыншаш Жағанованың депутат ретінде жат елде жүрген қандастарымыздың атажұртқа оралуына сіңірген еңбегі туралы әңгімелеп берді.

– Біз ес білгелі Қазақстан туралы радиодан естіп, біліп өстік. Сосын бізге Қазақстаннан «Жұлдыз», «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» журналдары жиі келіп тұратын. Алтыншаш апайымызды «Қазақстан әйелдері» арқылы таныдық. Апайымыз әр жерде тарыдай шашырап жүрген, Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран елдерінде ғұмыр кешіп жатқан бір миллионға жуық бауырымыздың Отанға оралуына дәнекер болды. Әрине, ол үшін мемлекет көмектесті. Бірақ көмектесу үшін де қаражат сұрау, істің

көзін табу, сөзін өткізе білу керек. Ал ол үшін сөзсіз тұлғалық қасиет, табанды мінез керек. Сол жылдары көшіп келген қандастарымызға өте қиын уақыт болды. Соның бәрін мемлекетіміз еңсеріп шықты. Атамекенге келгендерге барлық жағдай жасалды. Әрине, бұл орайда Алтыншаш апайымыздың еңбегі ұшан-теңіз. Сол тұста оралған бауырларымыз бүгінде бірнеше есеге көбейіп, халық саны артты, – деді Өмірзақ Рыстан.

«ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ»

Алтыншаш Жағанованың қазақ киносына да сіңірген еңбегі зор. Ол тұста жаңадан түсіріліп біткен отандық киномызды қылышынан қан тамып тұрған КСРО-ның сүзгісінен алып шығу қиынның қиыны болған. Мәскеудің талабынан шығып, рұқсатын алу үшін де олар талай тер төкті. Ол кезде қазақ киносы туралы бірде-бір журнал жоқ болатын. Алтыншаш Жағанова «Жаңа фильм» деген журналдың шығуына мұрындық болып, бас редакторы ретінде қазақ кинематографиясына өз қолтаңбасын қалдырды.

Журнал дегенде, әрине, «Қазақстан әйелдерінің» орны бөлек. Сол журналмен қаншама ұрпақ тәрбиеленіп, ұлағат алып өсті. Ондағы небір рубрикаларды бүгінде бірқатар телеарнаның өз бағдарламаларында пайдаланып жүргенінің өзі жетістік.

Иә, оның қазақ руханиятына, еліміздің мәдениетіне сіңірген еңбегі зор. Талай ақын-жазушының кітаптарының басылуына Кеңестік кезеңнің өктем саясатына қарамай, атсалысып, кейде асқан батылдық, мінез көрсетіп, жарыққа шығартты.

Бір кездері 30-жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық туралы, екі жарым миллион адамның қынадай қырылғаны жайлы еш жерде айтылмайтын. Алтыншаш Жағанова депутат болып тұрған кезінде Жоғарғы Кеңестің төрінде осы мәселені елдік деңгейге шығарып, бір минут үнсіздік жариялатып, осы тақырып тұрғысында арнайы құжат қабылданғаны да тарих парактарына жазылды.

Токсаныншы жылдары Зайсан жерінде үлкен жер сілкінісі болып, екі аудан тып-типыл болып, жермен-жексен болғанда, қарапайым тұрғындардың қасынан алғашқылардың бірі болып Алтыншаш Жағанова табылған болатын. Бүлінген баспаналардың орнына жаңа үйлердің бой көтеруіне, оған жұмсалатын қаржының уақытылы бөлініп, бекітілуіне үлкен еңбек сіңірді.

«Руханият» партиясын құрып, елдегі оқу, білім, ұрпақ саулығы, денсаулық, мәдениет, руханият салаларын көтергені де ұмытылмақ емес.

ҚАРТТЫҚҚА СӘН БЕРГЕН

Белгілі филолог Қалбике Есенова да Алтыншаш апайға деген ілтипатын былайша жеткізді.

– Мен өзім ғылымда жүрген соң білемін, қазіргі күні, әсіресе, филологияда жаңа бағыт қалыптасып келе жатыр. Ол бағыт «Тұлғатану» деп аталады. Сол персоналогия ғылымының нағыз қас ортасында тұратын Алтыншаш апай деп білемін. Алдағы уақытта «Алтыншаш әлемі» немесе «Алтыншаштану» деген сияқты үлкен бір сала дамиды деп сеніммен айта аламын. Осы кеште айтылып жатқан барлық өмір жолыңыз бізге үлгі. Барлығы тарихи шежіре сияқты. «Қарттық бізге сән бермейді, қарттыққа біз сән бермесек» дейді Қадыр ақын. Шын мәнінде, қарттыққа сән беріп жүрген Алтыншаш апай, аман болыңыз, сізге деген құрметім шексіз, – деді ол.

Алтыншаш Жағанованы мерейтойымен Қазақстан Жазушылар одағындағы барша қаламгер әріптестерінің атынан Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының жастар ісі жөніндегі орынбасары Бейбіт Сарыбай да құттықтай келіпті.

– Біздің Алтыншаш апайымыз – халықтық, ұлттық тұлғаға айналған, әдебиет пен журналистиканың қос тізгінін, қайраткерліктің шылбырын тең ұстаған аяулы жан. Журналистикада да, әдебиетте де, саясатта да әйелдер санаулы. Сол санаулылардың санатында, алдыңғы сапында болып, ұлтқа осыншама еңбек еткен, тер төккен, осындай интеллектуал адам біздің әрдайым мақтанышымыз, – дей келе, ол одақтың әдемі сый-сияпатын ұсынды.

Кеш барысында Қаракөз Сүлейменова анасына арнап «Қарлығаш» пен «Махаббат арман» әндерін шырқап берді. Сондай-ақ, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның студенттері – Естайұлы Абдурахман мен Жаңабай Ақжол өнерін шашу шашты. Алтыншаш апай ортаға шығып би биледі. Кеш соңында кітапханаға 45 жыл отасқан жары, белгілі қаламгер Өнес Сарайдың «Адай тарихы» кітабын сыйға тартты.

БАЙҚАУ

ӨНЕРЛІ ЖАСТАР БАҚ СЫНАДЫ

Алматыда «JAS GALA» фестивалінің жеңімпаздары марапатталды

Алматыда өнерлі жастар анықталып, үздіктер марапатталды. Қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы студенттер Альянсы» КҚ ұйымдастыруымен Алматы қаласының шығармашыл жастары арасында «Jas Gala» фестивалі өз мәресіне жетті.

Бұл фестиваль ЖОО студенттерінің басын біріктірді. 14–23 желтоқсан аралығында студенттер вокал, хореография, мобилография, аспаптық орындау, театр бағыттары бойынша бақ сынасты. Сонымен қатар, алматылық ЖОО орындары арасында «Ең үздік студенттік топ» анықталды.

Вокал бағыты бойынша бас жүлдені Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті Максимова Дана Максимқызы қанжығасына байласа, аспаптық орындау бағытында Ф.Дүкеев атындағы Алматы Энергетика және байланыс университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттері жеңіс тұ-



ғырынан көрінді. «Мобилография» бағыты бойынша С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенті Ермаханбет Елдар Талғатұлы «Қала түні» тақырыбындағы видеосымен жеңіске жетті.

«Жастар саясаты басқармасы тарапынан жастарды қолдау үшін көптеген жобалар жасалуда. Бұл талантты жастарға арналған жоба 3 жылдан бері жүзеге асып келе жатыр. Жастардың да қызығушы-

лығы жылдан-жылға артуда. Бүгін жеңіске жеткен жеңімпаздардың шын жүректен құттықтаймын», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Азиз Кажденбек.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенттік тобы «Ең үздік студенттік топ» болып танылды.

Сондай-ақ, ТикТок байқауының да нәтижесі жарияланып, жеңім-

паздарға iPhone 15, Дубайға жолдама, Ой-Қарағай демалыс орнына сертификат табысталды.

«Он күнге созылған байқауға деген жастардың қызығушылығы жоғары болды. Байқауға қатысу үшін барлығы 23 ЖОО-нан 700-ден астам студент өтінім берді. Байқау қатысушылары жоғары деңгейде дайындалған. Іріктеу, жартылай финалдық кезеңдерден іріктеліп өтті. Бүгін үздік танылған жастарды марапаттаймыз. Жалпы байқаудың жүлде қоры –

8 000 000 теңгені құрады», – деді «Алматы студенттер Альянсы» КҚ директоры Жасұлан Қуандық.

Жеңімпаздар 50-ден 300 мың теңгеге дейін ақшалай сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды. Байқау нәтижесі бойынша «Ең үздік шығармашыл ЖОО» Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне табысталды. Салтанатты марапаттауда отандық эстрада жұлдыздары және жеңімпаздар өнер көрсетті.

БІЗ ҚАНДАЙМЫЗ, ЗАМАНДАС?

ЗЕРДЕСІ БИІК АЗАМАТ, ЕЛІНІҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙДЫ...

Қазіргі уақытта жастар әмбебап, көпқырлы әрі түрлі кәсіп игеруі қажет. Сонда ғана қоғамның қозғаушы тетігіне айналады. Біз нарықтық экономика жағдайында өмір сүріп келеміз. Қимыл-қозғалыстың бәрі қаражатқа тіреледі. Уақытпен санасамыз. Соның арқасында тиімді іс қылуға тырысамыз. Бұл – заман талабы.

Ғаламтор адамға көмекші құрал, мұқтаждықты тежейтіндей. Білмейтін, түсінбеген нәрсені интернеттен қараймыз. Соның ішінде әркім істерді тез игеріп алуға мүмкіндік бар. Әрине, оған да үлкен қажыр-қайрат керек шығар. Ө дегеннен іздегенің табылып, ойдағыдай бола қалмайтын тұстары тағы бар.

Өз замандастарымызға қарап қайран қаламыз. Бәрі жанталасып тіршілік етеді. Мейлінше табыс табуға ниетті. Сөйтіп, қазірден өз жағдайын түзеуге ынтық. Олай етпей құр жүре беруге болмасын сезеді. Дәп қазіргі таңда жүрген-тұрғанның бәрі көк қағазға тіреледі. Соған қарамастан ЖОО-да оқу оқып, кәсіп істеп, түрлі жұмыс істеп жүрген студент, магистрант, докторант жалынды жастар жетерлік. Өз еңбегін адал тауып, нәпақасын алып, болашаққа қарай беттеп барады. Осындай жандардың елдің ертеңі екені айқын. Ондай бауырларымызды қолдап, демеп қойған абзал. Халқымыз «Аштықта жеген құйқаның дәмі тандайдан кетпес» депті. Қоғамға ілесіп кету үшін бар күш-жігерін сарп етіп жүрген жастарымыз қаншама. Елдің ертеңі сенімді қолда екені анық. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» деген сөзіндегі сенімін ақтайтын дәл осы ұрпақ болса керек.



Керім АМАНГЕЛДІ, студент:

Ата-ана үмітін ақтаймыз

Біз барынша іс қылып, оқуды да жақсы оқып, бәріне үлгеруге тырысамыз. Алматыға білім іздеп келдік. Қазір 3-курста оқимыз. Есеп және аудит мамандығын игеріп жүрміз. Мақсат – қоғамның кәдесіне жарап, болашақта мықты азамат болу. Өзіміз Алматы облысынанбыз. Шыққан жерімізді де ұмытпауымыз қажет.

Экономика тілінде ақшаны ақша құрайды дейді. Шәкіртақы бар, оған да шүкір! Алайда, алып шаһарда 45–50 мың теңгеге жан бағу оңай болсын ба?! Әлбетте, жатақханада тұрамыз. Десе де, қосымша табыс табамыз. Той-жиындарға шығып тұрамыз. Банкет, той, сауық кештері болып тұрады. Мейрамханада жұмыс істеп, табыс табамыз. Бір тойдан беретіні 7–10 мың теңге айналасы. Сабақтан соң аш болып барамыз. Әкімші апай көңілденсе, қалған-құтқанды береді. Шыны сынса, қонақ арыз айтса, күнің қаран. Келеңсіз жағдайларға душар болсаң, ауылды аңсап кетесіз. Бірақ үйдің де тұрмысы маз еместігін ойлап, сабырға келесіз. Қыс, көктемде той аяздай, сондайда түрлі іс атқарып кетеміз. Әйтеуір табыс тауып, күн көруді мақсұт тұтамыз.

Осы күні Ютубтан түрлі бейнеролик қараймыз. Көбінесе мотивациялық видео көреміз. Сонда тым байып кеткендер жоқ-жұқанадан шыққандар екен ғой. Біз қазақпыз ғой. Басқа қалада оқитын бауырларға жәрдем де беріп қоямыз. Бәлкім, үйдің үлкені болған соң солай болар.

Қазір қалтаға артығырақ тиын түссе, екінші деңгейлі банкке депозит жинайтын болдық. Бұйырса, оқуды тәмамдап, мамандық бойынша жұмысқа тұрып, бәрін жай-жайына қойғанша, біршама тиын-тебен жиналып қалар.



Арып АСЫЛ, студент:

Алматы – армандар орындалатын мекен

Оқу мен жұмысты қатар алып жүру қиындық тудырады. Қазір 3-курста, журналистика мамандығында білім алудамын. Қаламызда оқып жүріп жұмыс жасайтын жастар көп. Тіпті, 1-2-курстан бастап жұмыс жасап бастайды. Осы кезге дейін көптеген жұмыстар жасадым. Асханаларда даяшы болдым, жеткізу қызметінде жұмыс жасап көрдім, базарларда алысатарлықпен де айналыстым.

Қазіргі таңда үлкен компанияда жұмыс жасап жатырмын. Үш айдың көлемінде уақыт болды, ресми түрде кірген болатынмын. Басында қиындық тудырған болатын. Жұмыс пен сабағымның уақыты келіспейтін. Таңдауға да түстім, сабақ оқимын немесе жұмыс істеймін деген. Соған қарамастан екеуін алып жүруге күшім жететініне сенімді болдым. Таңертең сабаққа барамын, түстен кейін жұмыста боламын. Үйге 23.00 шамасында қайтамын. Бұндай өмір сүру салтынан өзіме дамуға уақыт жоқтығы қынжылтады. Өзім дамығанды ұнататын адаммын. Тауға шығып, подкасттар тыңдап, спортпен айналысқанды, жаным сүйетін хоббиларыма уақыт жеткіліксіз.

Жоғары оқу орны маған көп мүмкіндік берді. Осы жылы жаз айында Америкаға үш айға арнайы бағдарламамен барып келдім. Ағылшын тілінен біраз тәжірибе жинап келдім. Ол бағдарламамен тек қана студенттер ғана бара алады. Шетел көріп, өзімді дамытуға үлкен мүмкіндік алдым. Бүгінде Алматыда жұмыс жасаймын. Негізгі оқимын деген адамға мүмкіндік беретін, армандар орындалатын қала. Алдағы уақытта оқуымды бітіріп, магистратураға түсіп, «Болашақ» бағдарламасымен шетелге барып жұмыс істеймін деген мақсатым бар. Бірақ түптің-түбінде елге оралып, Отанға қызмет ету – парыз.



Зарема ТҰРСЫНБАЕВА, студент:

Адам әрдайым ізденісте, даму үстінде болғаны абзал

Студент үшін бірінші орында білім тұруы қажет. Бұл ойды 3 жыл бойы оқып түйдім. Жақсы маман иесі болу үшін ойынды басқа нәрселермен алаңдатпаған жөн. Әрине, үлкен қалада қаражатсыз жүру қиын. Жүріп-тұрғаныңның бәріне қаражат керек. Ал ақшаның аспаннан түспейтіні анық, сондықтан жұмыс істеуден басқа амал жоқ. Жұмыссыз – оқу да оңай емес.

Білім алуды әрдайым алғашқы орынға қоятынмын. Қазіргі таңда жұмыс пен оқуды қатар алып жүруге тура келіп тұр. Бастапқыда қиындық тудырды, сабақ кестесі мен жұмыс уақыты тура келмейтін. Қандай жұмыс жасасақ та, уақыты ыңғайлы болатындай іздеймін.

Қазіргі таңда мобилограф болып істеймін. Жұмысым өзіме ұнайды. Кейбір адамдар қаржысы жақсы, бірақ өздеріне ұнамайтын жұмыс жасап отады. Меніңше, жұмыс адамның қаржылай мәселесін ғана емес, өзіне белгілі бір пайдасын тигізуі қажет. Себебі, адам әрдайым ізденісте, даму үстінде болғаны абзал.

Қазірден бір саланы игеріп жақсы маман болғым келеді. Себебі, ертең оқуымды бітіре сала, жұмыс адамның қаржылай мәселесін ғана емес, өзіне белгілі бір пайдасын тигізуі қажет. Ал енді ғана ЖОО бітірген студентте тәжірибе қайдан болсын? Дейтұрғанмен, алдына мақсат қойған жан ниетіне жетеді деп ойлаймын.

ТҮЙІН: Біз әр сәттің қадірін білуіміз шарт. Өйткені, уақыт зая кетсе, болашақ бұлыңғыр болары хақ. Соның үшін де оқуды да оқып, жұмысты да жасап бәріне үлгеру қажет болып тұр. Біздің нарықтық заманға әмбебап адам керек сияқты. Сол себепті де, «Сабақты ыне сәтімен» дегіміз келеді. Істеріңізге сәттілік, жасөрендер!

Бетті әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.



ӨМІР-ӨНЕГЕ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

белгілі ғалым Жарқынбике Нуайқызы
білімгерлердің сүйікті ұстазы

Жарқынбике Нуайқызының еңбек жолы 1987 жылы Павлодар педагогикалық институтында аға оқытушылық қызметтен басталды. Филология факультетінің Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасына практикалық қазақ тілі пәні оқытушысы болып жұмысқа орналасты. Ол кезде аталған институтта қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі болмаған. Жас маман институтта жұмыс істеген екі жыл бойы факультетте қазақ бөлімінің ашылуына атсалысты, талай рет республикалық теледидардан сөйлеп, институт басшыларына қазақ бөлімін ашу туралы ұсыныстар жасады.



1990 жылы институттың Филология факультетінде қазақ бөлімі ашылды. Қазақ тілінің жанашыры болған, ана тіліміздің қадір-қасиетін, рухани кенішін өскелең ұрпаққа үйретуді мақсат еткен Жарқынбике Нуайқызы өзі еңбек жолын бастаған Павлодар пединститутында қазақ бөлімінің ашылуына аз да болса себепкер болғанын бұл күнде ризашылықпен еске алады.

Институт басшылығының жолдамасымен Жарқынбике Нуайқызы 1989 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына ізденуші болып қабылданған. 1990 жылы өзі білім алған оқу ордасы – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогтік институтының Филология факультетіне оқытушылық жұмысқа орналасып және қазақ тілін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша сырттай аспирантураға түседі. Ізденушінің диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті мәселеге арналды, өйткені ұлттық мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің Кеңес Одағы құрылғаннан басталған тарихы ұзақ болғанымен, оның негізгі пән ретінде оқытылмауына байланысты оқыту тәжірибесі – әдістеме ғылымы бойынша дамуы кенже қалған еді. Мұның өзі орыстілді оқушылардың қазақ тілінен практикалық дағды алуына кері әсерін тигізді, ал алынған білім сапасының дәрежесі өте төмен деңгейде болды. Сондықтан зерттеуші орыстілді мектептерде қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесін жасау қажеттігін және ең күрделі сөз табы саналатын етістікті меңгертудің әдіс-тәсілдерін қарастыруды басты назарда ұстады.

Тақырыбына қызыға кіріскен Жарқынбике Нуайқызы диссертациясын уақытында аяқтап, сәтті қорғап, 1993 жылы ғылым кандидаты атанды. Жарқынбике Нуайқызы 2004 жылы Тіл теориясы мен оқыту әдістемесі және Қазақстан тілдері кафедрасына доценттікке қабылданып, ұстаздық қызметін жалғастырды. 2009–2012 жылдары осы кафедраның меңгерушісі қызметіне тағайындалып, өзінің іскер басшы екендігін де дәлелдеді. 2010 жылы Ж.Сүлейменоваға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаулысымен педагогика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Ғалым 1992–1994 жылдары Түркия Республикасының Анкара университетінде түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы жайында дәріс оқыды. Түркия республикасындағы алдыңғы қатарлы үлкен университеттің бірі Нийде университеті мен Қазақстан Республикасы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті арасындағы білім кеңістігіндегі халықаралық ынтымақтастық туралы келісім-шартқа қол қойылып, университет студенттері мен магистранттары Нийде университетіне академиялық ұтқырлық бойынша білім алу ісі басталды. Ал профессор Жарқынбике Нуайқызы 2012–2016 жылдар аралығында аталған университеттің Білім және әдебиет

факультетінің Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінде профессор қызметін атқарды. Түрік студенттеріне «Қазақ тілі», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Татар тілі», «Түрік тіліне кіріспе» пәндерінен дәріс оқыды. Ұстазы Нұржамал Оралбайқызының «Қазақша үйренеміз» деген екі кітаптан тұратын оқу құралы бойынша түрік студенттеріне сабақ жүргізіп, қазақ тілін үйретті.

Ғалымның қаламынан: «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» үлгілік бағдарламаларының, «12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны» тұжырымдамасы авторларының бірі. Ғалымның «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері», «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» («Сын есім. (Шырай категориясынан басқасы). Сан есім. Шақ категориясы. Үстеу. Шылау» тараулары), «Іскерлік қазақ тілі», «Қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары», т.б. еңбектері жарық көріп, ғалымдардың, магистранттардың, докторанттардың, оқытушылардың, мұғалімдердің, студенттердің қолына тиді, іздеп оқитын еңбектеріне айналды. Жарқынбике Сүлейменова Түркия, Польша, Ресей, Жапония, Қытай, Өзбекстан, Әзербайжан, т.б. мемлекеттерде өткен ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен форумдарда жоғары білім беру жүйесі мен тіл білімі терминдері, түркілік ортақ терминологиялық қор мәселелері бойынша талқылауларға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп келеді.

Ғалым-ұстаздың ғылым, білім саласындағы еңбектері ескеріліп, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», Қазақстан Республикасы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері атанды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін 70 жылдық мерейтойына орай «Құрмет белгісі» медалімен, Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» сыйлығының иегері атағымен, Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ж.Сүлейменова ғылыми кадрлар даярлауда да елеулі қызмет атқарып келеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласы бойынша 2 PhD докторын, 20-дан астам магистранттарды даярлап шығарды. Жарқынбике Нуайқызы – білімгерлердің сүйікті ұстазы, биік белестерге көтерілген ғалым ғана емес, отбасының берекесі.

К.ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
Ж.БАЛТАБАЕВА,
педагогика ғылымының докторы, профессор.

ӘДЕБИ КЕШ



«ӨНЕРІМ САҒАН, ТУҒАН ЕЛ!»

Медеу ауданындағы Ж.Жабаев атындағы №161 лицейде «Тәуелсіздік – баға жетпес байлығым» атты сынып жетекшілер бірлестігінің онкүндігі өтіп жатыр. Осы онкүндік аясында «Өнерім саған, туған ел!» атты музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі де сынға түсті. Аталмыш байқау өте күрделі әрі жауапты болғандықтан оқушылар зор дайындықпен келді.

Сонымен, мектеп шаңырағын түрлі аспаптың үні кернеп, әп-сәтте әдемі әуен әуеледі. Әртүрлі аспапта ойнаған оқушылардың бірі ән де шырқаса, бірі күй тартты. «Тұлпардан тұлпар озар шабысканда» демекші, бірінен-бірі басым түсіп, оза шапқан өнерпаздардың өнеріне таңдай қағып, тамсанбақа амал жоқ. Бір-біріне қызғана емес, қызыға қараған жеткіншектердің орындау шеберліктері мен қабілеттеріне баға беру қазылар алқасына да оңайға түспеді. Қашаннан баласы атқа шапса, тақымын қысатын ата-аналар бұл күні де қарап қалмады.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ



КӨРКЕМ-ӘДЕБИ КІТАПТАР ТҰСАУКЕСЕРІ

Алматыда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Көкжиек-Горизонт» баспасы республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханамен бірлесіп «Мектеп кітапханасы», «Оқуға құштар білімді ұрпақ – Тәуелсіздік тірегі» бағдарламалары бойынша жарыққа шыққан көркем-әдеби кітаптардың тұсаукесері болып өтті.

Іс-сараға «Көкжиек-Горизонт» баспасының директоры Индира Тукбатова, Оқу-ағарту министрлігінің республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының директоры Әлия Сайдәмбаева, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының өкілдері қатысты. «Көкжиек-Горизонт» баспа үйі он жылдан астам қазақ, орыс, ағылшын және неміс

Көрермен ретінде тамашалауға келді. «Сергіз қырлы бір сырлы» өнерпаздар тағы да бір қырынан танылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. «Тәуелсіздік тағылымы» атты суретшілер байқауы тіпті ерекше болды. Оқушылар бұл байқауға ерекше ықылас танытты. Түрлі-түсті қарындашпен, гуашпен, фломастер, акварель, т.с.с. құралдарымен салынған суреттер тартымдылығымен көзді жаулап алды. Үш сағат бойы ата-аналар да балаларының өнеріне жанкүйер ретінде қатысып отырды. Қылқалам шеберлерінің жұмыстарын қазылар алқасы бағалап, ең үздік суреттерді көрмеге қойды.

Сонымен қатар, 8–10-сынып оқушылары арасында «Бәрі де Тәуелсіздікке арналады» атты волейболдан өткен жарыс та тартысты өтті. «Күш атасын танымас» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Жарыста үздік ойын көрсеткен 8 «ә» сыныбы 1-орын, 10-сыныптардың құрама командасы 2-орын, 9 «а» сыныбы 3-орын алды. Ал «Өнерім саған, туған ел!» патриоттық әндер байқауында оқушылар жеке, дуэт, трио, квартет, хор болып та өнер көрсетті. Жас жеткіншектердің орындауында қазақтың ұлы композиторларымен қатар есімдері енді таныла бастаған жас сазгерлердің де шығармалары орындалды. Осылайша өз мәресіне жеткен байқауда жас орындаушылар өнерлері арқылы елі мен жеріне деген ыстық ықыластарын жеткізе білді.

тілдерінде оқу әдебиеттерін әзірлеп, басып шығарумен айналысып келеді.

Баспадан шыққан әдебиеттер жалпы білім беретін мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының, сондай-ақ Қазақстанның тіл үйрету орталықтарының оқу процесінде қолданылады. Сондай-ақ, «Көкжиек-Горизонт» баспа үйі «Cambridge University Press», «National Geographic Learning» және «Klett» баспаларының Қазақстан Республикасындағы дистрибьюторы болып табылады. Мәселен, бір жыл көлемінде «Көкжиек-Горизонт» баспасы поэзия, проза, драма және танымдық әдебиет жанрындағы 35 кітапты қамтитын көркем-әдеби шығармалар желісін шығару бойынша жұмыс жасады.

«Көкжиек-Горизонт» баспасы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» ұлттық құрылтайының екінші отырысында әзірленген «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асырып отыр.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



СҰХБАТ



Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?» депті. Тауып айтылған ұлағатты сөз. Әр елдің болашағы сол жұрттың отансүйгіштігіне байланысты. Әділ қоғам қағидаты баршаға түсінікті әрі мәлім. Осы қағиданың іс жүзінде орындалуы сіз бен бізге байланысты. Қоғамдық сананы өзгертуге тырысу қажет-ақ. Осы және өзге де қордаланған тақырыптар жөнінде қоғам қайраткері, ақын Темірхан МЕДЕТБЕК-ПЕН әңгіме құрдық.

Адал азамттар елдің ішінде жетерлік

– Әділет ұғымын қалыптастыру үшін не істемек керек?

– Әуелі қоғамның санасын оңалту қажет. Жалған айтып, өтірікке бармаған дұрыс. Адал азаматтар шоғыры елдің ішінде жетерлік. Оларға жол беру керек. Кілең тамыр-таныстықпен көпке шаппаспыз. Адам – қоғам және заң ұштағаны теңдей ұсталса дейміз. Егер біреуі осалдық танытар болса, қалғаны шыдас бермес.

Біздің халық көптеген сындарлы шақтарды өтіп келеді. Оны талайлар айтып жүр. Осыны реттеп алайықшы, қалғанына сосын кірісеміз.

Елде әділеттілік орнамай іс өнбейді. Әділ қоғамның орнауына заң да, замана да әсер етеді. Елдің әлеуметтік жағдайының жақсаруы үшін бәрін жасау қажет. Әрине, бұрынғыдан оңалдық. Алайда, тоқмейілісіп отыра беруге болмас. Шама-шарқымыз келгенде өз өнімдеріміз өзімізде өндірілсе екен. Ішкі нарық қазақ тауарларымен толып тұрса жақсы ғой. Мұнай да, газ да жұртымыздың керек-жарағына жараса дейміз. Шикілей саппай, оны өңдеп сатайық. Еліміздің әрбір өңіріне өндіріс орындарын салайық. Бұрынғыдай сырттан сатып ала беру оңа бермес. Өзімізде орындалған әрбір істі ел-жұртқа насихаттау парыз. Осыған жан аямай кіріссек, біраз шаруа атқарылады.

Мемлекеттік тіл – ел мүддесі

– Ұлттық идеология қажет пе?

– Ұлттың бағдары болатын ұлттық идеология өте қажет. Қазақ аспаннан салбырап түсе салған халық емес. Халқымыздың сан ғасырлық тарихы бар. Баяғыдан бері сарнап айтудай-ақ айттық. Бір бағытқа қарап ұйысып тірлік қылған дұрыс. Тіліміз әлі күнге дейін өз қалпына түскен жоқ. Қазақтың тілінің мемлекеттік тіл деген статусы бар. Ол сол елдің егемендігінің белгісі іспетті. Тіл туралы заң қабылдауымыз қажет. Өз жерімізде отырып, жалпақшешейдің күнін көшіп келеміз.

Мемлекеттік тілге әділетсіздік танытсақ, басқадан не сұраймыз? Бір елде екі басшы болмайды ғой. Сол сияқты, тәуелсіз, унитарлы мемлекетте тек бір тіл болсын. Осы мәселе шешімін таппай, басқасының басына бақ орнамайды. Әділетті Қазақстанды қазақ тілін қолдаудан бастасақ, геосаясатқа жалтақтамасақ, сонда ғана бәрі жақсарайды.

Алаштықтар бәрін қазақша жазған

– Техникалық саланы қашан қазақшалаймыз?

– Қазақтың тілі – ғылымның тілі. Мұның құнары-нәрі ұмытылмауы тиіс. Тіліміз өте бай. Бірақ оның барлық мүмкіндіктерін пайдаланбай жатырмыз. Қаржы секторы, банкте қазақ тілі басымдықпен қолданылуы тиіс. Зауыт-фабрикаларда әліге дейін орысша, ағылшынша терминдер тұр. Неге соны қазақшаламаймыз? Уақыт жетті, техникалық бағытта қазақша судай сайрап, түсіндіретін жас мамандарды оқытсақ екен. Арнайы қазақшаны қолдайтын орталықтар ашылуы қажет. Мамандандырылған институттар барлық мемлекеттік құрылымдарға ресми іс-қағазды қазақша толтырудың ережесін үйрету керек. Қазақстанда әркім өзінің білген тілінде құжат толтырып, хат алмасып жүре берсе, түбі не болады?! Тілді басыдан қосшыға дейін тік тұрып қолдайық.

Әлгінде қазақ тілін ғылымның тілі деп текке айтпадық. Сонау Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов уағында – бәрі-бәрі қазақша жазған. Берісі техникалық саланың жетегін ұстаған, екі мәрте ҰҒА президенті болған Қаныш Сәтбаевтай тұлғалардың баршасы қазақша оқулық жазып, ғылымды қазақшалаған. Олар сол дәуірде өзге шет тілдерін білмеді ғой дейсіз бе? Қазіргілерден де мың есе білімді, патриот, қазақи ұлылар еді.

Бүгінде қазақи есеп-қисап, экономиканың майын тамызып түсіндіретін уақыт жетті. Өз қазағыңның тілін реттемей жатып, өзге тілде есеп сұрауды тоқтатайық. Заң шығарушы орган Парламент мемлекеттік тілді қадағалап, баяндама жасауға келген лауазымды тұлғалардан тек қазақша есеп беруін талап ету қажет. Әйтпесе, әркім ойына келгенін шатып кетсе, ештеңе істеп жарытпаймыз. Қай күні техникалық сала қазақшалаңады, сол күні кәсіп жанданып, елдің бір-бірін ұғып түсінуі артады. Одан кейін жер-жерде үйлесіп, бірлесіп қоғам өзінің керек-жарағын реттеп алады.

Ауыл жастары қазақтың болашағы

– Ауыл жастарын қолдап, өсірудің алғышарттары неде?

– Бұл – үлкен мәселе. Ауыл жастарын қолдауды ауызша айтып, хаттамаға жазып қоямыз. Ал шын мәнінде елін, жерін сүйетін, қолынан іс келетін ауыл жастарын

қолдайық. Егер осы елдің азаматының бойында Отанға деген сүйіспеншілік болмаса, басқа тілде түс көріп, есіл-дерті баю, қалайда шетелге кету болса, ондайлар қазақтың байлығын сыртқа сатып, Отанға опасыздық жасай береді. Мұндайға заң жағынан қатаң тыйым салайық. Тамыр-таныстықпен бұрынғы шенді-шекпендінің балалары мемлекет тізгінін ата-сынан қалған мұрадай иеленіп, ешкімге жол бермей отыра берсе, күніміз қараң. Кезінде билікте отырғандардың әке-шешелері де, кейбірінің өздері де ауылда тәрбиеленген. Қалаға келіп, менталитеті бұзылды. Сөйтіп, қазақи болмысын сақтай алмай, ұрпағы дүбәраға айналды. Әйел, бала-шаға басқаша түс көрсе, әке қайда барсын? Егер мықты ер-азамат болатын болса, түпкі негізінен ажырамайды. Бұрыннан бері лауазымды қызметтерде отырып үйреніп қалғандардың санасы көбірек уланды. Орысша интернационал тіл деген ой саналарына әбден сіңіп қалған. Бәрібір тілің келгенмен, түрің келмейді. Балаңды қайтсең де қазақша балабақша, мектеп, университетке бер. Өз жерімізде тұрып, өзге тілді қолдаған ұят.

Ұлт тағдыры қазақ тіліне байланып тұр

Ұлт тағдыры, шаруаның көбісі қазақ тіліне байланып тұр. Мұны реттемей, алға жылжу мүң. Бұлай шатасып кете берсек, болашақ мемлекетімізге қатер төндіреді. Осыны көзіміздің тірісінде айқайлап айтумен келеміз. Болашақ ұрпаққа алаңдаймыз. Мемлекеттің тізгінін кімге сеніп тапсырамыз? Егер ол қазақи менталитетке жақын болмаса, сырт елмен келісім жасап, бар байлығымызды сатып бітеді. Ақыр соңында өзі шетелге қашады. Өйткені, оның болмысына бала күнінен бастап қазақи салт-сана, әдет-ғұрып, ұлттық руханият сіңбеген. Ондайлардың роботтан айырмасы жоқ. Қазақ «Әкім бол – халқыңа жақын бол» дейді. Осыдан-ақ айтар ой белгілі ғой.

Біз бәріміз ауылдан шықтық. Ел арасында қазақ тілін жетік білетін, мәйегін түсіндіретін жастар бар. Іздесен табылады. Мамандарымыз да бар. Дәл осылай ауыл жастарына қолдау білдірмесек, қазақи менталитетте ойлайтын жастардың шоғырын жойып аламыз.

Ел тізгіндеп отырғандар тек қазақша сөйлесе, нұр үстіне нұр. Қазақ еліне қазақтың тілі салтанат құрып тұрса бәрімізге жақсы болмақ. Соны бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп, естіп отырған ауыл

жастары қанаттанар еді. Әрбір жас ұрпақ өз тағдырын туған елмен байланыстырса екен.

Жастарды жұмыспен қамтамасыз етейік

– Жастарды қайтсек Отанға қызмет етуге үндей аламыз, мұның тетігі бар ма?

– Сөзіңіздің түп төркінін түсіндім. Сыртқа жібермей, Отанда ұстап қалудың жағдайын меңзеп тұрсыз. Бәрі бірдей шетелге кетіп қалмайтын шығар. Отанды тастап, оралмай кетуден сақтасын.

Бізде былай ғой. Сыртқа жастарды жібереді. Содан соң бетімен кетеді. Егер қайтып келмесе, мемлекеттен оқуына төлеген қаржыны 3-4 еселеп қайтарсын деген талап қою қажет. Сонда ғана олар қайтіп оралады, ойланады. Осылай оралмай кетіп жатқандардың салдарынан өзімізде қажетті салаларға маман жетіспейді. Кадр таппы. Таяқтың екінші ұшы бар. Шетелден оқып, тәжірибе жинақтап келген жастарды жұмыс орнымен қамтамасыз етейік. Жастарды сандалтып, елдің ішінде не үй жоқ, не күй жоқ қылып қаңғыртып қойған жарамас.

Жаңа тұлғалар керек

– Елдің сөзін айтатын жас буын қашан қалыптасады?

– Елдің сөзін айтатындар қалмай бара жатыр. Мұнығыз рас. Үлкен кісілер азайып барады. Менің жасым 79-ға келді. Бала-шағам, немерелерімнің бәрі қазақи ұғымда тәрбиеленді. Өткен жолы қызымызды Ұлттық Банк өзіне шақырып алды. Үш тілде сауатты. Қазақи болмысы бар. Соған мен сүйсініп қалдым. Әзір жұмысын істеп жүр. Жалпы жұмысқа шақырғанына емес, білікті кадрларды жұмысқа орналастырып жатқандығын дұрыс көріп қалдық. Осылай қазақ жастарының бәрін жұмысқа орналастырса, шешімін тапқан түйін болар еді.

Елдің сөзін сөйлейтін жастар өсіп шықса деген ниеттеміз. Олар тек қана шығармашылық адамдар емес, экология, экономика, ғылым және т.б. салалардан өркендесе дейміз. Өйткені, бізден кейін орнымызды басатын жастар қатары ұлғайса екен.

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



(Сурет: Qazdauiri.kz)



ЖЕҢІМПАЗДАР ЖЫЛНАМАСЫ

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ЖЕҢІСТЕРІ

Қазақ спортшыларының қандай жетістіктері есте қалды?

Спорт – бәсеке ұғымының синонимі. Спорттық жарыстар мен сайыстар қай жылы да қызу тартысқа толы болады. Кәсіби спорттың қай түрінде болсын, әлсіз қарсылас, оңай олжа жоқ. Ал Олимпиада, Әлем чемпионаты, Азия ойындары сынды дүние жүзінің кіл мықтылары жиналатын сайыстарда бәсекенің деңгейі жоғары болатыны сонша, спортшылардың тағдырын тіпті бір-екі секунд шешіп кетеді. Осындай жарыстарда топ жарып, өз атын ғана емес, туған елі – Қазақстанның туын көкке көтерген нағыз батыр қыз-жігіттеріміз биыл да аз болған жоқ. Біз өз тарапымыздан спорт саласындағы үздік қазақ спортшыларының 2023 жылғы жетістіктеріне шолу жасап, олардың жарқын жеңістерін тағы бір рет еске алуды жөн көрдік.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ҮЗДІКТЕРІ



Азия ойындарына қатысқан қаратәжілеріміздің барлығы жүлделі болды. Қайсар Алпысбай (60 келі), Нұрқанат Әжіқанов (75 келі) және София Берульцева (68 келі) чемпион атанды. Ал Лаура Әліқұл, Мөлдір Жаңбырбай, Данияр Юлдашев күміс жүлде жемді, сондай-ақ Дидар Әмірәлі мен Әсел Қанай қола жүлде қанжығалады. Қаратәден Қазақстан

құрамасы Жапония және басқа да елдерді басып озып, командалық есепте бірінші болды.

Биыл өз жетістігімен ел мақтанышына айналған спортшылар тізімінде бокстан Қазақстанның ерлер құрамасының боксшыларын айналып өте алмаймыз. Ташкентте өткен әлем чемпионатында құрама жігіттері 5 медаль жеңіп алды. Санжар Төшкенбай (48 келі), Махмұд Сабырхан (54 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі) өз салмақтарында чемпион атанды, ал Дулат Бекбауов 67 келіге дейінгі салмақта күміс жүлдеге қол жеткізді. Әлем чемпионатындағы боксшы батырларымыздың бұл жеңісі – жыл жетістіктерінің қатарында екені анық.

Сондай-ақ, 2023 жыл Қазақстан Күрес федерациясы үшін де жемісті болды. Сербияның Белград қаласында өткен әлем чемпионатында жерлесіміз Ризабек Айтмұхан әзербайжан балуаны Осман Нұрмағамедовты жеңіп, еркін күрестен елімізден шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанды. Бұл жетістігі үшін Қазақстан Күрес федерациясы жылды қорытындылау конференциясында Ризабек Айтмұханға «2023 жылдың үздік спортшысы» номинациясы берілді.

Еліміздің Ұлттық құрамаларының барлығында дерлік биыл халықаралық жеңістер бар. Бірақ командаларды қатар қойғанда кей құрамалардың жетістіктері көзге айрықша түседі. Олардың бірі – Спорттық атудан ел құрамасы.

Биыл Қытайда өткен Азия ойындарында қазақстандық мергендер ерекше көзге түсті. Зоя Кравченко, Әсем Орынбай және Ольга Панарина командалық жарыста Азияданың алғашқы алтынның иесі болды. Бірер күннен кейін Әсем Орынбай және Эдуард Ешенко аралас командалар арасында, ал Зухра Ирнарзорова қозғалатын нысандарды атудан алтын жүлде жемді. Одан бөлек, тамыз айында Бакуде өткен әлем біріншілігінде Зухра Ирнарзорова чемпион атанған болатын. Ал қарашада өткен әлем кубогының финалдық кезеңінде Әсем Орынбай тағы да топ жарды. Айтылған жетістіктерден бөлек жыл ішіндегі барлық жеңістерді ескерсек, 2023 жыл Спорттық атудан Қазақстан құрамасы үшін өте табысты болғаны сөзсіз.

Спорт саласында осы жылы ірі жетістіктерге спортшылар қатарында Қазақстан құрамасының қаратәжілері де бар. 23 қыркүйек пен 8 қазан арасында Ханчжоуда өткен

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК



Джефф Нилді мерзімінен бұрын жеңіп шықты. Бұл жетістік Шавкаттың өз салмағындағы рейтингте 6-орынға көтерілуіне көмектесті. Ол 17 желтоқсан күні тағы бір жеңісіне қол жеткізді. Тағы да Лас-Вегаста өткен турнирде жерлесіміз америкалық Стивен Томпсонды қылқындру әдісімен жеңді. Жарыстан соң Рахмонов жартылай орта салмақтың рейтингінде 4-ші болды. Шетелдік спорт сарапшылардың пікірінше, «тұмақ киген қазақ жігіті» келесі жылы чемпиондық титулды жеңуге мүмкіндік алады.

Айта кеткен жөн, биыл әлемдік промоушн-

Әлемді шулатқан Шавкат

Миллиондаған жанкүйері бар UFC ұйымында жеңісті жолын жалғастырып, Қазақстан атын танытып жүрген Шавкат Рахмонов үшін 2023 жыл табысты өтті.

Аралас жекпе-жек ережелері бойынша өнер көрсететін спортшымыз биыл Лас-Вегаста өткен UFC 285 турнирінде америкалық

ның төрінде Азат Максұм мен Асу Алмабаев та бақ сынап, дебюттік жекпе-жектерінде жеңіске жеткен болатын. Азат америкалық Тайсон Нэмнен төрешілер шешімі бойынша басым түсті. Ал Алмабаев жекпе-жекте мерзімінен бұрын аяқтап, АҚШ азаматы Оди Осборнды қапы қалдырды.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Жұлдызы жанған Жәнібек



Быттыр орта салмақта WBO чемпион атағын алған Жәнібек Әлімханұлы 2023 жылы жеңісті жолын жалғастырды. Ол мамыр айында канадалық Стивен Батлер-

мен күш сынасып, WBO нұсқасының чемпиондық атағын екінші рет сәтті қорғады.

12 раундқа есептелген бәсекеге екінші раундта тоқтады. Қарсыласын нокаутқа жіберген Жәнібек кәсіби мансабында 14-ші жеңісіне қол жеткізді. Қазан айында «Qazaq style» неміс боксшысы Винченцо Гуальтьеримен қолғап түйістірді. Бұл жолы біздің спортшымыз қарсыласын техникалық нокаутпен жеңіп, орта салмақта WBO және IBF белбеулерін иеленді. 12 раундқа жоспарланған кездесу мерзімінен бұрын 6-раундта аяқталды.

Сондай-ақ, биыл кәсіби бокста ірі жеңіске жеткен спортшылардың қатарында Жанқош Тұрар бар. Ол Алматыда өткен бокс кешінде жапондық Акихиро Кондоны жеңіп, екі чемпиондық белдікті беліне байлады. Жанқош Тұраров бұл жекпе-жекте бірінші жартылай орта салмақтағы IBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы атағын сәтті қорғап, вакантты WBA Gold титулын жеңіп алды.

ТЕННИС

Еленаның ерлігі

Халықаралық аренада Қазақстан атын шығарып жүрген бірден-бір спортшылардың бірі – Елена Рыбакина. Ол өткен жылы «Үлкен Дулыға» турниріне жататын әлемдік Уимблдон жарысында жеңіске жеткен болатын. Қазақстандық теннисші осы жылы да өз мықтылығын көрсетіп, үлкен жеңіске жете білді. Елена «Рим WTA 1000» мастерс турнирінің чемпионы атанып, әлемнің 4-ші ракеткасы болды. WTA рейтингіндегі бұл орын қазақстандық теннисшілер арасындағы ең жоғары көрсеткіш екенін айта кеткен жөн.

Теннистегі өзге де жыл жетістіктеріне тоқталсақ, Қазақстанның әйелдер құрамасы

қатарынан екінші рет «Билли жан Кинг Кубогының» финалдық кезеңіне жолдама алғанын айтпай кетуге болмайды. Теннисші қыздарымыз іріктеуде Польша командасын сыртқы алаңда жеңіп кетті. Сондай-ақ, қазақстандық теннисші Анна Данилина фин теннисшісі Харри Хелиоваарамен бірге АҚШ өткен US Open 2023 жарысының жұптық разрядында жеңімпаз атанды. Бұл ел тарихындағы «Үлкен Дулыға» турниріндегі жұптық жарыстың алғашқы жеңісі болды.

Тағы бір айта кетерлігі, отандастарымыз Ева Корышева мен Даниэль Тазабеков Tennis Europe сериясы бойынша 2023 жылдың үздік шетелдік ойыншысы атанды.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ, ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ

Алматыда 56 қосалқы станцияның 37-сі жаңғыртылды

Алматы қаласы мен Алматы облысын электр қуатымен қамтамасыз етуде заманауи технологияларды қолданысқа енгізіп отырған «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қала бағдарламасына сәйкес мегаполистегі электр желілері мен шағын стансалардың басым бөлігін қайта жабдықтап, жарақтандыруда.

Іске қосылған қосалқы станциялар желілердің өткізу қабілетін арттыруға, электр энергиясын беру кезіндегі техникалық шығындарды және желілердегі үзілістер санын азайтуға, қоршаған ортаны қорғауға, сондай-ақ жаңа тұтынушылардың қосылуын қамтамасыз етіп, желідегі кернеу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа қосалқы станциялар шағын және орта бизнес субъектілерін сенімді және тұрақты түрде электрмен жабдықтап қана қоймай, өңірде қажетті әлеуметтік-мәдени маңызы бар объектілерді салу мүмкіндігін де кеңейтуде. Салынған энергетикалық нысанда әлемдік жетекші өндірушілердің жоғары вольтты жабдықтары орнатылған.

Инвестициялық бағдарламаға сәйкес Алматы қаласында жалпы ұзындығы 150 шақырымға жуық



кабельдік желілердің құрылысын, 85 трансформаторлық қосалқы стансаларды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Алматы қаласының тарихи орталығы саналатын Арбат, яғни Жібек жолы даңғылының бойында орналасқан белгілі демалыс және сауда орнында үлкен жұмыс атқарып, жер астымен жіберілген кабельдік желілер ауыстырылды.

Қала аумағында орналасқан 56 қосалқы станцияның 37-сі жаңғыртылып, Алматы облысындағы өндірістік аймағы саналатын Көкөзек пен Қайна-

зар ауылдарында жаңа қосалқы станция салынды. Сонымен қатар, Өтеген батыр, Талғар мен Қарасай аудандарында қосалқы станцияларды жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ техникалық жабдықтарына да ерекше назар аударуда. Автопарктегі көліктер жоспарға сәйкес жыл сайын жаңартылса, биыл қазіргі қолданыста жүрген ескірген автокөліктердің 80-нен астамын жаңартып, апатты жағдайлар кезінде энергетиктердің жұмыс істеуіне қолайлы болу үшін модернизацияланған көліктермен толықты.

Қойылған міндеттердің орындалуы, жоғары вольтты электр желілерінен, автоматтандырылған басқару жүйесі бар қосалқы станциялардан, қуатты трансформаторлардан және т.б. заманауи энергетикалық инфрақұрылымды пайдалана отырып салынған нысандардың арқасында жүзеге асуда. Алайда, қаланың шекарасы жыл сайын кеңейуде, электр энергиясын тұтыну көлемі де айтарлықтай артуда. Демек, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметіне артылатын міндет жыл санап өсуде. Біздің мамандар осы міндетті қалтқысыз орындауда аянбай еңбек етуде.

ФУТЗАЛ

Әлем чемпионатына жолдама

2023 жылы қазақстандықтарды қуантқан басты жаңалықтардың бірі – футболдан Ұлттық құраманың 2024 жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама алуы болды.

Айта кеткен жөн, құрама ойыншыларының Карт құрлық додасына қатысуға әлі де мүмкіндігі бар. Келесі жылы жерлестеріміз Ұлттар лигасының плей-офф кезеңі арқылы Еуро-2024 жарысына шығу үшін тағы бір мәрте талпынып көреді. Бұл сында біздің жігіттерді 2004 жылғы Еуропа чемпиондары – Грекия құрамасы күтіп тұр. Матч 2024 жылы 21 наурыз күні «Агия София» стадионында өтеді. Қазақстан-Грекия жұбының жеңімпазы, Грузия-Люксембург жұбының жеңімпазымен шешуші ойын өткізеді.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімі
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 747 617 17 37 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 28 412**

**Кезекші редактор –
Естай БОЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**

МОНИТОРИНГ

ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ бақылауға алынды

Алматы қаласының Медеу ауданында орналасқан «River Park» ТК үйлерінің жылумен жабдықтау жүйесінде құрылыс жүргізуші мекеменің салғырттығынан ақау пайда болды.



**Ернұр
РЫСБАЙ**

«Алматы жылу желілері» ЖШС (АЛТС) берген ақпаратқа сәйкес, аталған кешен ғимаратына берілетін жылуудың төмендеуіне себеп, жеке құрылыс ұйымына тиесілі автоматтандырылған жылу пунктін (АТП) дұрыс жұмыс істемеуінен туындаған.

Бұл ретте коммуналдық қызмет өкілдері аталған ТК-ге жылу жүйесі жылу өндіру көзінен («Алматы электр стансалары» АҚ, ЖЭО жылумен жабдықтау аймағы) барлық параметрлерді сақтала отырып, штаттық режимде беріліп жатқанын мәлімдеп отыр.

Олар сыртқы ауаның төмен температура-сы кезінде аталған тұрғын үй кешенінің тұрғындары тарапынан ешқандай шағым түспегенін атап өтті. «River Park» ТК үйлеріндегі жылытуға қатысты штаттан тыс жағдай тұрғын үй кешеніне қызмет көрсететін жеке сервистік ұйымның АТП жұмысына араласуынан туындауы мүмкін.

Құрылысшыларға көмекке Алматы жылу желілерінің кезекші бригадасы жіберілді.

Сонымен қатар, аудан әкімдігі бұрын «АРТ Медиа» ЖШС құрылыс салушы өкілдерімен тұрғын үйлерде жылумен жабдықтауды қалпына келтіру үшін шұғыл шаралар қабылдау бойынша келіссөздер жүргізген болатын.

Құрылыс жүргізуші мекеме элеваторлы түйін үшін қосымша сорғылар сатып алынатынын мәлімдеді. Сорғылар келесі аптада орнатылады.

«River Park» ТК-ны жылумен жабдықтау мәселесі Алматы әкімдігі мен қаланың барлық тиісті шұғыл қызметтерінің бақылауына алынды.

ТАНЫМДЫҚ КЕШ



ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

«Тәрбие – талбесіктен» демекші, Тәуелсіздік күніне орай, №183 бөбекжай-балабақша шаңырағында балаларға арналған танымдық кеш ұйымдастырылды.

Бұл кештің басты ерекшелігі – балаларды Отанды сүюге, рәміздерді қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеудің түпқазығы іспетті болды деуге болады.

– *Топ тәрбиешілері бұл күні бүлдіршіндерге ел тәуелсіздігі үшін алаңға шыққан аға-апаларының ерлігі туралы айтып берді. Сахналық қойылым қойып Ләззат, Сәбира, Қайрат пен Ербол сынды аға-апаларының күрес жолында көрсеткен ерлігінен мағлұмат берді. Мерекелік іс-шараға қатысқан ата-аналардың ризашылықтары да ерекше болды, –* дейді әдіскер Ғалия Шаметова.

ЖАҢА ЖЫЛҒА ТАРТУ

«ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТЕТІН АРМАҢДАР»

Жетісу ауданының тұрғындары мен қала қонақтары «Әлемді өзгертетін армандар» деп аталатын жаңажылдық қойылымның куәсі болды. Аудандық әкімшіліктің Мәжіліс залында театр үйірмелеріне қатысып жүрген кішкентай өнерпаздар жаңажылдық таңғажайып оқиғаларға толы қойылымды сахналады.

Қойылымның басты кейіпкері болып табылатын кішкентай қыз шиеленіске толы оқиғаның бел ортасынан табылады. Ол жаңа жыл қарсаңында өзінің арманын іздеп, жолға шығады. Осы жолда оған жаны ізгі жағымды ертегі кейіпкерлері жолығып, көмекке келеді. Осылайша арманына қол жеткізген қыздың әлемге деген көзқарасы, жолы ашылады. Жақсы адамдардың жақсылығын ертегі кейіпкерлеріне арқау еткен қойылым ересек көрермендердің де көңілінен шықты.

– *Екі күн бойы аудан тұрғындары мен қала қонақтары кішкентай өнерпаздардың өнеріне тәнті болды. Үйірмелер мен секцияларды қаржыландырудың арқасында осындай қойылымды аудан көлемінде сахналауға мүмкіндік туып отыр. Шартқа сәйкес, әлеуметтік желі арқылы үш күн бойы іріктеу (кастинг) жариялап, аудан тұрғындары арасынан Түрлен, Айша есімді режиссерлерді таптық. Екеуі де Жүргенов академиясының студенттері. Сонымен қатар, «Кемелдегі» театр үйірмесінің жетекшісі Айша да осы Өнер академияның студенті, –* дейді Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева.

Дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

2023 ЖЫЛ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

Қоян жылы жаһанда болған қандай оқиғалар есте қалды?

Қоян жылын қорытындылар кез де келді. Дөңгеленген дүниеде кеудеге қуаныш толып күлетін де, көңілсіз күйде күрсінетін де талай оқиғалар болды. Ел шекарасынан шығып, әлемдегі жағдайға көз жүгіртсек, жаһандық геосаяси күйдің бұрынғыдан күрделене түскенін байқаймыз. Осы орайда, жаңа жылдың келуіне бірнеше күн қалғанда әлемде 2023 жылы болған жұртты елең еткізер бірқатар оқиғаларға тоқталғанды жөн көрдік.

«Чандраян-3» және
«Ғарыш жарысы»

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін біршама бәсеңдеген «Ғарыш жарысы» Үндістанның ғарышқа сәтті сапарынан кейін биыл қайта жандана түсті. Тек өткен ғасырдың 60-жылдары екі мемлекет аспандағы билік үшін бәсекеге түссе, қазір жарыс жолындағы державалардың саны төртеуге жетті.

Үндістан 2023 жылдың 23 тамызында әлем елдерінен бірінші болып айдың оңтүстік полюсінде «Чандраян» ғарыш кемесін сәтті қондырды. Бүгінге дейін АҚШ, КСРО, Қытай ғарыш кемелері айға сәтті қонғанымен, бұл – жерден жіберілген объектінің айдың оңтүстік полюсіне алғаш рет сәтті қонуы. Тарихи оқиға 2023 жылы орын алған ірі жаңалықтардың бірі болды. ISRO (Үндістанның ғарыштық зерттеулер ұйымы) енді «Гаганьян» жоспары бойынша 2025 жылы үш экипаж мүшесі бар ғарыш зымыранын жер орбитасына жіберуді жоспарлап отыр. АҚШ, Ресей, Қытай мемлекеттері де ғарыш экспансиясын жалғастыра бермек. Державалар биыл ғарышқа байланысты өздерінің жаңа жоспарларымен бөлісіп, олардың бір бөлігін орындап та үлгерді.

Жаңа демографиялық
көшбасшы

Биыл сәуір айында Bloomberg Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) деректеріне сілтеме жасай отырып, Үндістанның әлемдегі ең көп қоныстанған мемлекетке айналғанын хабарлады. Үнді елі Қытайды алғаш рет бұл көрсеткіш бойынша басып озды. Сәуір айындағы дерек бойынша Үндістанның халқы 1,428 миллиардтан асты. Бұл уақытта Қытайдағы халық саны 1,425 миллиард адам болған. Халық саны бойынша деректер жиналған 1950 жылдан бері Қытай алғаш рет бұл көрсеткіште екінші түр.

Сарапшылардың болжамы бойынша Қытай халқының саны 2050 жылға қарай 1,317 миллиардқа дейін азаяды, ал



Үндістан халқы керісінше 1,668 миллиардқа дейін өсуі мүмкін. Қазіргі уақытта экономика бойынша үшінші тұрған Азияда бүгінгі адамзаттың бестен бір бөлігі тұрады. Бұл Еуропа, Африка және Американың барлық тұрғындарын қоса есептегендегі көрсеткіштен көп.

Айта кеткен жөн, осы жылдың қараша айында Қазақстанның халық саны 20 миллионға жетті. Бұл оқиғаға байланысты 16 қараша күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұртымызды арнайы құттықтаған болатын.

Тарихтағы
ең ыстық жыл

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның хабарлауынша, осы жыл заманауи тарихымыздағы ең ыстық жыл атанды. Нақты айтқанда, 2023 жылдың 4 шілдесінде жер бетінде орташа температура +17,18 °C болған. Бұл жердегі орташа температураны бақылауды бастаған 1979 жылдан бергі ең жоғарғы көрсеткіш.

Ал 6 шілде күні планетамызда рекордтық +17,23 °C температура тіркелді. Сарапшылардың пікірінше, айтылған көрсеткіш 120 мың жыл бұрын Микулин дәуірінен кейінгі ең жоғары температура.

Сондай-ақ, биыл Албания, Қытай, Тайланд, Түркия сияқты елдерде және Милан, Валенсия, Дакка, Вьентьян сынды ірі қалаларда абсолютті температура рекордтары жаңарды. 24 шілде күні Италия астанасы Рим қаласындағы ауа 50 градусқа дейін қызған. Ал 2023 жылдың 2 қаңтарында Австриядағы Пачеркофель қысқы таңшаңғы курорты қар болмауынан жабылуға мәжбүр болды.



Осы орайда, Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның Бас хатшысы, профессор Петтери Таалас әлем елдерін қазба отын пайдалануды азайтып, табиғатты аялауға шақырды: «Біз қазба отынды тұтынуды шұғыл түрде азайтуымыз керек».

Дайындаған Досбол АТАЖАН.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.